Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

11 ЖЕЛТОҚСАН БЕЙСЕНБІ 2014 жыл №183 (18877) ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚ ИЕГЕРЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2014 жылғы әдебиет пен өнер саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын беру туралы Жарлыққа қол қойды.

Президент Жарлығымен жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлы – «Тар кезең» тарихи романы үшін, ақын Гүлнар Салықбаева – «Кешіріңдер келгенімді өмірге» өлеңдер жинағы үшін; әнші Пантелей (Лаки) Кесоглу – «Песня – душа моя» жеке концерті үшін; композитор Балнұр Қыдырбек – «Реквием» вокалды-симфониялық шығармасы үшін; авторлар ұжымы: Асқар Мырзахметов, Бақытжан Әшірбаев, Насир Рустамов, Әмірхан Шүменов, Нұрлыжан Бөкебаев – Шымкент қаласындағы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған тарихи-монументальдық саябақ кешені үшін Мемлекеттік сыйлыққа ие болды.

● ҮКІМЕТ

ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙ БАҒАСЫ ТӨМЕНДЕЙДІ

Елімізде алдағы уақытта жанар-жағармай бағасы төмендейді. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде ҚР Энергетика вице-министрі Ұзақбай Қарабалин мәлім етті.

Соңғы үш-төрт ай көлемінде өсіп кеткен жанар-жағармай бағасы енді төмендей бастайды. Жақында ғана құнын Үкімет қадағалайтын мұнай өнімдерінің бағасы түседі деп жоспарланған еді. ҚР Мәжіліс депутаты Мұхтар Тінікеев елдегі жанар-жағармай бағасы 115 теңгеге түсуі ықтимал деп хабарлаған болатын. Бұл болжамды Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР Энергетика вице-министрі Ұ. Қарабалин растады.

«АИ-92 бензинінің литрі 128 теңгеден 115 теңгеге, дизель отыны 115 теңгеден 107 теңгеге түспек. АИ 80 - бұрынғы деңгейінде қалады», - деді вице-министр.

ЕЛБАСЫ СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Кеше Ақордада Елбасы Н.Назарбаев Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елші болып тағайындалған бірқатар шетелдік дипломаттан сенім грамоталарын қабылдады.

ҚР Президентіне Италияның Төтенше және Өкілетті Елшісі Стефано Раваньян, Швеция Елшісі Кристиан Камилл, Чех елшісі Элишка Жигова, Литва елшісі Витаутас Наудужас, Мысыр елшісі Хайсам Салах Камел Ибрагим, Үндістан Елшісі Харш Кумар Джайн, Македония Елшісі Илья Псаукиров, Қытай Елшісі Чжан Ханьхуэй сенім грамотасын табыс етті.

«Сіздерді дипломатиялық миссияларыңыздың ресми түрде басталуымен құттықтаймын. Бүгінгі кездесу еліміз үшін аса маңызды күн Тәуелсіздігіміздің 23 жылдығы қарсаңында өтіп отыр. Біз осы қысқа мерзімде мемлекетіміздің берік негізін қаладық. Заманауи экономика, орнықты саяси жүйе, салиқалы азаматтық қоғам орнаттық. Біз ішкі тұрақтылықты, қоғамдық келісімді қарқынды экономикалық өсім арқылы қамтамасыз еттік», - деді Мемлекет басшысы шетел дипломаттарының сенім грамоталарын қабылдағаннан кейін. Сонымен қатар ҚР Президенті Сыртқы саяси ұстаным айқындығы мен еліміздің халықаралық беделінің көтерілгенін баса айтты.

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ – ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ МЕРЕЙІ

Облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіздік және тіл» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өтті.

Елбасының Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауларынан туындайтын мемлекеттік тіл саясатын насихаттау мақсатындағы шараға облыстық, аумақтық басқармалар, департаменттер мен инспекциялар басшылары қатысты.

Дөңгелек үстел отырысын облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Әлімжан Жарылқағанов жүргізді.

Басқосуда алғаш болып сөз алған «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Өлмесхан Болатбеков «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Елбасы Жолдауының маңызы жайында айтып өтті, сондай-ақ, Мемлекет басшысының бұдан бұрынғы Жолдауларында нақтыланған тіл туралы басымдықтарына тоқталды. Онан соң облыстық тілдерді дамыту басқармасының бөлім басшысы Ләззат Есімованың «Тәуелсіздік және тіл» тақырыбындағы хабарламасы тыңдалды. Хабарламашы қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алу тарихы, бүгінгі қолданылу аясы туралы кеңінен әңгімеледі.

– Тіл ұлттың негізгі белгісі ретінде халықтың болмыс-бітімінің сақталуында шешуші рөл атқарады.Оның рухани мәдениетінің бір бөлігі болып табылады. Сондықтан да тіл өзіне деген құрметті талап етеді. Қазақ тілінің мәртебесін жүзеге асыруға елеулі ықпал еткен фактор оның мемлекеттік мәртебесінің ҚР 1993 жылғы қаңтарда қабылданған негізгі Заңы – Конституциясында нақтылануы болды. Онда Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп танылды. Бұл бап 1995 жылы қабылданған жаңа Конституцияда да қайталанды. Тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы жылдары алда тұрған басты міндеттердің бірі мемлекеттік тілдің беделін көтеру болды. Оған бүкіл қоғам тарапынан қамқорлық жасау алға тартылды,–дей келе Ләззат Есімова қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қалыптасуы мен дамуы бағытында атқарылған жұмыстар жайында тарата айтты.

Сонымен бірге басқосуда мекемеде мемлекеттік тілді дамыту мен қолдану туралы Қызылорда облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментінің басшысы Ғанибек Отарбаевтың хабарламасы тыңдалды. Ол хабарламасында қылмыстық атқару жүйесі мекемесінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту, тіл саясатының жүзеге асуы бағытында атқарылған жұмыстар жөнінде баяндады.

Шара соңында басқарма басшысы Әлімжан Жарылқағанов Тәуелсіздік күніне орай өткізілген «Ең үздік қазақ тілді мекеме» облыстық байқауының жеңімпаздарын жариялап, тілге жауапты мамандар мен тіл жанашырларын марапаттады.

Байқау қорытындысы бойынша бірінші орынды Қызылорда облысы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаменті жеңіп алса, екінші орынға Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы лайық деп танылды. Үшінші орын Қызылорда облысының білім саласындағы бақылау департаментіне берілді. Сонымен қатар, табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, облыстық кәсіпкерлік және туризм мен жастар саясаты мәселелері басқармалары ынталандыру сыйлықтарын иеленді. Жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталды. Оған қоса бірқатар азаматтар тіл жанашырлары ретінде алғыс хаттармен марапатталды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

БРИФИНГ

ТАТУЛЫҚ – ОРТАҚ ТУЫМЫЗ

Қазақстанда елдің тұрақтылығы, ұлттар арасындағы татулық қоғам құндылығы саналады. Себебі, тұрақтылық пен татулық ел тәуелсіздігінің басты тұғыры, биік шыңы, болашақтың алтын кілті іспетті. Сондықтан болар, Елбасы өзі жүргізіп отырған саясатта осы қағидаттарды бірінші орынға қояды. Еліміздегі этносаралық, конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты іске асыруда маңызды рөл атқарып отырған Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы осының бірден-бір дәлелі.

Бүгінде 20 жылды еңсеріп, еліміздегі ұлт пен ұлысты бір арнаға тоғыстырған бұл ұйымның облыстағы хатшылығының атқарып жатқан жұмысы ауыз толтырып айтарлықтай. Бұл жөнінде Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйіндегі облыстық коммуникациялар орталығында өткен брифингте Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы хатшылығының басшысы Ләйлә Төрешова кеңінен тарқатып берді. БАҚ өкілдерімен болған кездесуде ол аймақта іске асқан жұмыстар мен 2015 жыл – Қазақстан халқы Ассамблеясы жылы өткізілетін шараларды сөз етті.

2-бет

КЕЛЕШЕК КІЛТІ – БІЛІМДЕ

Кеше Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйінің коммуникациялар орталығында облыстық білім басқармасының басшысы Наурызбай Байқадамов саладағы атқарылған жұмыстар жөнінде баспасөз өкілдері алдында есеп берді.

– Бүгінгі таңда облыста 292 мектеп, 333 балабақша, 256 шағын орталық, 32 колледж жұмыс істейді,– деді басқарма басшысы.– Аймақта бұдан бұрын айтылғанындай, үш ауысымда оқитын мектептер жойылды. Алайда, 25 апатты жағдайдағы мектеп бары рас. Биылғы жылы жергілікті бюджет есебінен 13 мектептің құрылысы басталған болатын-ды. 5 мектеп толық аяқталып, пайдаланылуға берілді, жыл соңына дейін тағы бір мектеп құрылысы аяқталмақшы. Ал қалған 7 мектептің берілуі келесі жылдың еншісінде. Елбасының биылғы Жолдауында айтылып өткеніндей, инфрақұрылымдық дамудың мемлекеттік бағдарламасы аясында апаттық мектептер мәселесі 2016 жылға дейін өзінің толық шешімін табатын болады.

Биылғы жылы республикалық және жергілікті бюджеттен 3 млрд.теңгеден астам қаржы бөлініп, облыста алғаш рет бір мезетте 58 білім беру нысанына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Сала басшысы мұнан кейін “Балапан” бағдарламасының орындалуына тоқталды. Аймақтағы мектепке дейінгі 589 ұйымда 40491 бүлдіршін тәрбиеленуде. Балабақшаның 54,6 пайызын жекеменшік балабақша құрайды, бұл республикадағы жоғары көрсеткіш саналады. Биыл аймақта мектепке дейінгі 81 ұйым ашылды, оның 64-і балабақша. 3-6 жас аралығындағы бүлдіршіндердің мектепке дейінгі ұйымға қамтылуы қазір 90 пайызды құрайды. Осы орайда өңір балаларын балабақшамен қамтуда жергілікті кәсіпкерлердің көрсетіп жатқан көмегі айтарлықтай екенін айта кеткен орынды.

2-бет

16 ЖЕЛТОҚСАН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІ КҮНІНЕ ОРАЙ ОБЛЫС КӨЛЕМІНДЕ ӨТКІЗІЛЕТІН МЕРЕКЕЛІК ШАРАЛАРДЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

11 желтоқсан – «Ғылым»

«Ғылым және ақпараттық технология» тақырыбында білім, ғылым және инновация саласында жеткен жетістіктері бар өкілдермен кездесу. Сағат 15.00. –Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың 5-оқу ғимараты.

И.Сапарбай. “Сыған серенадасы” спектаклінің қойылымы. Сағат 18.00. – Н.Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театры.

12 желтоқсан – «Атамекен»

«Туған жерге тағзым» атты I облыстық жастар патриоттық форумы. Сағат 11.00. – «Бастау» бизнес орталығы.

“Тәуелсіз Қазақстан” атты кітап көрмесі. Сағат 10.00. – Байқоңыр қаласы, Қалалық орталық кітапхана.

«Тәуелсіз мемлекет құрудың қазақстандық моделі: жетістіктері және даму стратегиясы» ғылыми-тәжірибелік конференциясы. Сағат 11.00. – Студенттер сарайы.

М.Шоқай атындағы қазақ күресінен республикалық турнир. Сағат 12.00. – Шиелі спорт кешені.

«Елім менің» атты патриоттық әндер байқауы. Сағат 15.00. – Қорқыт Ата атындағы ҚМУ №9 оқу ғимараты.

Дін мәселелеріне арналған республикалық конференция. Сағат 16.00. – Студенттер сарайы.

И.Сапарбай. “Сыған серенадасы” спектаклінің қойылым. Сағат 18.00. – Н.Бекежанов атындағы облыстық музыкалық драма театры.

13 желтоқсан – «Мәдениет»

Облыс орталығы кітапханалары мен мұражайларда ашық есік күндерін ұйымдастыру.Сағат 10.00. – Облыстық кітапханалар мен мұражайлар.

«Қанатты әйел» облыстық кәсіпкер әйелдердің форумы. Сағат 11.00. –Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап кітапханасы.

14 желтоқсан – «Мейірім»

«Мейірімге толы қала» тақырыбындағы қайырымдылық акциясы. Сағат 15.00. – Қызылорда қаласындағы Сәбилер үйі.

15 желтоқсан – «Тарихи сабақтастық»

М. Ерәлиева атындағы мәдениет үйінде «Елімнің еркіндігі тәуелсіздік» атты желтоқсан оқиғасына қатысушылармен кездесу кеші. Сағат 15.00. –Қызылорда қаласы, М. Ерәлиева атындағы мәдениет үйі.

«Тәуелсіз Қазақстан» залында «Тәуелсіздік тағылымы» тақырыбында экскурсия-сабақтар жүргізу. 15-22 желтоқсан аралығы. – Облыстық мемлекеттік мұрағат ғимараты.

«Тәуелсіз Қазақстан – тұғырлы ел» атты мерекелік салтанат. Сағат 16.00. – Н. Бекежанов атындағы музыкалық драма театры.

“Тәуелсіздікке – 23 жыл” атты салтанатты жиын. Сағат 17.00. – Байқоңыр қаласы, Қалалық мәдениет сарайы.

16 желтоқсан – «Тәуелсіздік»

Қызылорда, Байқоңыр қалалары мен аудан орталық алаңдарында мерекелік концерт. Сағат 10.00. – Қызылорда, Байқоңыр қалалары мен аудандардың орталық алаңдары.

20 желтоқсан

Мәнерлеп сырғанаудан ҚР чемпионаты. Сағат 12.00. – «Мұз айдыны» спорт кешені.

ТАТУЛЫҚ – ОРТАҚ ТУЫМЫЗ

Қазіргі сәтте облыста 35-тен астам ұлт пен ұлыс өмір сүруде. Сондай-ақ, олардан құрылған 11 этномәдени бірлестік бар. Өздерінің тілдері мен салт-дәстүрлерін дамытуда, еліміздің ұлттық құндылықтарын сақтау мен мемлекеттік тілге құрмет көрсетіп, оны меңгеруде, еліміздегі этносаралық қатынас саласын нығайтып, қоғамдық келісімді қалыптастыруда бұл бірлестіктердің маңызы зор. Жыл сайын бірлестіктердің мәдени күндері, ұлттық мерекелері, яғни, Наурыз, Құрбан айт, Рождество, Сабантуй, Солналь, Остерн, Песах, Масленица, Пасха секілді мерекелері кеңінен аталып өтілуде. Қазақ жерін өз елінен кем көрмейтін түрлі ұлттар бірлестігі мұнан өзге түрлі қайырымдылық шараларын ұйымдастырып, карттар үйіне медициналық құрал-жабдықтар, дәрідәрмектер алып берсе, коррекциялық балалар үйіне мектеп құралдары мен киімдер тарту еткен. Сонымен бірге мұқтаж жандарға қаржылай да көмек көрсетуде. Бұл өңірімізде тұрып жатқан ұлттар достығының басты белгісі болса керек.

Биылғы жылы мұнан басқа Қазақстан халқы облыстық Ассамблеясы хатшылығының атсалысуымен 4 жоба жүзеге асқан. «Бейбітшілік пен келісімнің жол картасы» мега-жобасы аясында «Сыр елі – достық мекені», «Достықта жоқ шекара» көшкеруені, «Қазақстанға ыстық ықыласпен» әлеуметтік жобасы және «Славяне» қоғамдық-мәдени бірлестігі жеңіп алған «Өнерлі қолдар» жобасы ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Қызылорда облысы кәрістерінің жастар қозғалысы» қоғамдық бірлестігі «Біздің Қазақстан» атты зияткерлік шоу өткізуде.

1-бет

– Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясында еліміздің барлық өңірлерінде қоғамдық келісім кеңестерін құруды тапсырған болатын. Осы ретте, облыс әкімдігінің қаулысы негізінде аймағымызда орталық құрылып, өз жұмысын бастап кетті. Орталықта 27 штаттық бірлік бар. Орталықтың басты ерекшелігі 7 ауданда эксперт мамандар жұмыс жасайды. Сондай-ақ, облыстық ассамблея жанынан Аналар кеңесі құрылғанын айтқым келеді. Мұндай кеңес ешбір өзге өңірлерде кездеспейді. Бала тәрбиесін нығайтуда, ұрпақ тәрбиелеуде аналардың орнының зор екенін ескере келе осы бастаманы қолға алды, – деді Қазақстан халқы облыстық Ассамблеясы хатшылығының жетекшісі Ләйлә Төрешова.

Өңірде этномәдени бірлестіктер жанынан жастар қанатын құру жұмыстары да ұйымдастырылуда. Оған қоса, облыстық ассамблеяның бастамасымен биылғы оқу жылынан бастап көпұлтты оқушылары бар мектептерде толеранттылық клубтары құрылуда. Осы орайда, №23 мектепте құрылған «Шаңырақ» клубының жұмысын Л.Бегалықызы ерекше бағалады. Қазіргі таңда Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасы ашылып, студенттерге әлеуметтану, Қазақстандағы этносаралық қатынас, әлеуметтік этнография және демография, Қазақстандағы этностардың тарихы мен мәдениеті, этносаясат негізі, конфликтология пәндері оқытылуда.

Келер жылдың Елбасы Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы болып жариялануына орай өңірімізде арнайы комиссия жасақталды.

– Қазақстан халқы Ассамблеясының жылын ұйымдастыру үшін ел Үкіметі тарапынан Ұлттық іс-шаралар жоспары бекітілді. Соған сәйкес, аудан, қала әкімдіктерінен, облыстық басқармалардан тиісті ұсыныстар жинақталып, Сыр өңірінде ұйымдастырылатын шаралардың кең ауқымды жоспарын дайындап жатырмыз. Бұл 80-дей тармақтан тұрады. Оның ішінде ашылу салтанаты, мерейлі жылды ақпараттандыруға байланысты журналистер пулын жасақтау, 20 жылдыққа арнап облыстық ассамблея тарихы туралы полиграфиялық материал шығару, «Менің Қазақстаным» атты музыкалық фестиваль ұйымдастыру, «Сабантуй-2015» республикалық шарасын өткізу жоспарлануда. Бұған Татарстан елінен қонақтар келеді, – деді Л.Төрешова.

Аймақта бұдан бөлек «Бейбітшілік пен келісімнің жол картасы» мега-жобасының қорытындысы шығарылатын болса, «Сыр елі – бейбітшілік пен келісімнің мекені» атты этностардың аудандарға мәдени күндері, «Шексіз әндер» музыкалық этнофестивалі, «20 қайырымды іс» акциясы, «Ассамблеяның жұлдызды 20 парағы» ақпараттық-насихаттық топтардың аудандарға керуені және «Бірлік – береке бастауы» пресстуры өткізілетін болады. Ең бастысы, айтулы жылы аймақта Достық үйі пайдалануға беріледі.

Алдағы жылдың еншісіндегі атқарылатын жұмыстар жайы мен облыстық ассамблеяның қызметі жайын баяндаған Қазақстан халқы облыстық Ассамблеясы хатшылығының басшысы Ләйлә Төрешова брифингті осылай қорытындылады. Басқосу соңында тілшілер тарапынан бірқатар сұрақтар қойылып, нақты жауаптар алынды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

БАСТЫМІНДЕТ – ТҰТЫНУШЫЛАР СҰРАНЫСЫН ҚАНАҒАТТАНДЫРУ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің биылғы Қазақстан халқына арнаған "Нұрлы жол – болашаққа бастар жол" атты Жолдауында энергетикалық инфрақұрылымды дамыту мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, су және жылумен қамтамасыз ету желілері инфрақұрылымдарын жаңғырту қажеттігін тапсырды. Мемлекет басшысы жүктеген осы міндеттің облыста жүзеге асырылу барысы қалай? Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Ержан Әбдіхалықовпен жүргізілген сұхбатта осы мәселелер негізгі әңгіме өзегіне айналады.

– Ержан Қыпшақбайұлы, Елбасы Жолдауда халыққа коммуналдық қызмет көрсетуді жақсартуды тапсырды. Соның ішінде энергетика жүйесін жетілдіру қажеттігі де айтылды. Жалпы, осы тұрғыдан алғанда біздің облыстағы қазіргі ахуал қандай?

– Шындығында, Елбасы өз Жолдауында еліміздің экономикасындағы құрылымдық реформаларды жалғастыруға бағытталған Жаңа Экономикалық Саясат туралы жариялады. Жолдауда айтылғандай, соңғы жылдары энергетикада ауқымды жұмыстар жүргізілгенімен, магистральдық желілердің шектеулілігі елдің оңтүстік өңірлерінде электр энергиясының тапшылығын туындатып отыр.

Жалпы, біздің облыста электр энергиясының жетіспеушілігі барлығы жасырын емес. Қызылорда жылу орталығы облысқа қажетті электр энергиясының тек 40 пайызын ғана өндіреді. Ал, қалған 60 пайызды біздер сырт көзден сатып алуға мәжбүрміз. Бүгінде облыс аумағында барлығы 9108 шақырым әуелік және кабельдік электр желілері, 117 қосалқы және 1433 трансформаторлық станциялар бар. Соңғы отыз жылдан бері облыстың электр энергетикасын дамытуға жеткілікті қаржы бөлінбеуінен аталған электр нысандарының 70 пайызының тозығы жеткен. Дейтұрғанмен, соңғы төрт жылда еліміздің экономикасының тұрақты өсуінен 3,9 млрд. теңге қаржы бөлініп, жүйелі жұмыстар жүргізілді. Соның ішінде осы уақытта 207 шақырымға жуық электр желілері салынып, 7 тарату пункті мен 22 трансформаторлық стансалар іске қосылды.

2011 жылы жалпы сметалық құны 1444,0 млн. теңгені құрайтын "Қызылорда облысының аудан орталықтарын электрмен жабдықтау жүйесін дамыту" жобасы әзірленіп, үш жылдық мерзімде жеті аудан орталығының электрмен жабдықтау жүйесін дамытуды қамту жоспарланды. Атап айту керек, бұл көптеген жылдан бері аудан орталықтарының электр жүйесін қайта жаңғырту бағытында қолға алынған ауқымды іс болды. Үш жылда бұл жобаға барлығы 1226,3 млн. теңге қаржы бөлініп, Арал, Қармақшы, Жалағаш және Сырдария аудандарының орталықтары бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілді. Сонымен қатар, Арал ауданы Жақсықылыш елді мекенінде электр жүйелері жаңғыртылды.

"Қызылорда қаласында "ПС-35/10" кВтық "Жаңаарық", "Тасбөгет", "Районная котельная" қосалқы стансалары қайта жаңғыртудан өткізілді. Нәтижесінде Қызылорда қаласының 50 мыңнан астам халқы сапалы және үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз етілді.

2014 жылы "Қызылорда қаласының кернеулігі 10/0,4 кВ электрмен қамту жүйесін дамыту" жобасы бойынша өткен жылы басталған құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды. Бүгінде оны қабылдау жұмыстары жүргізілуде. Бұған қоса Жаңақорған, Шиелі және Қазалы кенттеріндегі электр жүйелерін дамыту жобалары бойынша жұмыстары аяқталуға жақын. Олар іске қосылғанда жоғарыда аталған үш кенттің 65 мыңға жуық тұрғыны сапалы электр энергиясын тұтынуға қол жеткізеді.

Сонымен қатар, биыл "Арал", "Новоказалинск" қосалқы стансаларын жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Нысандар өтпелі, яғни 2015 және 2016 жылдары аяқталады деп жоспарланған. Сондай-ақ, 2015-2017 жылдары республикалық бюджеттен қаржыландыруға тиісті министрліктерге жалпы сомасы 7,2 млрд. теңгені құрайтын 11 жоба бойынша бюджеттік өтінім ұсынылды. Осы қаржы бөлінгенде облыстың энергетика саласын дамытуда кең ауқымды жұмыстар жүзеге асырылатын болады.

– Халықты таза ауыз сумен және жылумен қамтамасыз етудің барысы жөнінде айта кетсеңіз.

– Жалпы сумен қамту бойынша Елбасының 2020 жылға дейін ауылдық елді мекендердің орталықтандырылған ауыз суға қолжетімділігін 80 пайызға жеткізу тапсырмасына сәйкес жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Бұл көрсеткіш бойынша біздің облыс республикада алдыңғы қатарда.

Өткен жылдың қорытындысымен облыс бойынша барлық 262 ауылдық елді мекеннің 185-і орталықтандырылған ауыз суға қосылды немесе бұл көрсеткіш 71 пайыз болды. 2012 жылы ол 178 елді мекенді қамтып, 69 пайызды құраған еді.

"Ақбұлақ" бағдарламасы бойынша биылғы жылға барлық қаржы көздерінен 8 млрд. теңге бөлінді. Оның ішінде 21 жобаның құрылыс жұмыстарына 4,7 млрд. теңге және ауыз су тарату қызметтеріне берілетін субсидияға 3,3 млрд. теңге бөлінді.

Облысқа трансфертпен берілетін қаржылардан басқа тікелей Су ресурстары комитетінің қаржыландыруымен биылға 2,3 млрд. теңге қаржы бөлінді. Оның ішінде Жиделі топтық су құбырына 8 елді мекенді қосу жобасына 1,1 млрд. теңге және Талап топтық су құбырына 1,2 млрд. теңге қаралған.

Сонымен қатар биыл қала мен барлық аудандардың көптеген елді мекендеріндегі ауыз су жүйесін жаңғырту жұмыстары басталды. Ал, келер жылы сметалық құны 2,4 млрд. теңге болатын Қазалы ауданының Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының су жүйелерін жаңғырту жұмыстарының құрылысы басталады. Сонымен бірге Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырына қосылған 10 елді мекеннің ішкі су жүйелерін тұтынушыға дейін жеткізу жобасының құрылысы салынады. Сырдария ауданының Сейфуллин елді мекенінің тұтынушыға дейінгі құрылысы да жүргізіледі. Жалпы, биыл 28 жаңа жоба 2015-2017 жылдары қаржыландыруға тиісті Қалған жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеу жұмыстары ағымдағы жылдың соңына дейін аяқталады.

Сонымен қатар Қызылорда облысының әкімдігі мен "ҚазТрансГаз" АҚ арасында жасалған меморандумға сәйкес барлығы 23 млрд. теңгеге 4 аудан орталығына, яғни, Арал қаласы, Әйтеке би кенті, Шиелі және Жаңақорған кенті мен Байқоңыр қаласына автоматтандырылған газ тарату стансаларының құрылысы мен квартәлішілік газ құбырларының құрылысын салу келісілді. Бүгінде бұл істің алғашқылары да басталып кетті. Сонымен бірге Қызылорда қаласының Қызылжарма ауылдық округін және Тасбөгет кентін газдандыру үшін биылғы жылға республикалық бюджеттен 1,2 млрд. теңге қаржы бөлініп, құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы, облыстық бюджеттен 12 жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу үшін 2015 жылға 381 млн. теңгеге бюджеттік өтінім ұсынылса, келер жылы Қызылорда қаласындағы газдандырылмай қалған тұрғын үйлерді газдандыру, Қарауылтөбе, Талсуат ауылдық округтерін, Белкөл кенттерін газқбен қамтамасыз ету үшін ҚР Ұлттық экономика министрлігіне 1183,4 млн. теңгені құрайтын 4 жоба бойынша бюджеттік өтінім ұсынылды.

– Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртуға да бүгінде ерекше мән беріліп отыр. Осы бағытта облыста қандай жұмыстар атқарылуда?

– 2011 жылдан бастап Елбасының бастамасымен қолға алынған "Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған" бағдарламасы аясында көпқабатты тұрғын үйлер жөндеуден өткізіліп жатқандығы белгілі. Бүгінгі таңда облыс бойынша 1096 көпқабатты тұрғын үй бар болса, оның 70 пайызы күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді. Бұл үйлердің көбі 20-30 жылдан бері жөндеу көрмеген.

Бағдарлама аясында облыс бойынша 81 көпқабатты тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге республикалық бюджеттен 1814,255 млн. теңге бөлінді. Бүгінгі таңда Қызылорда қаласы бойынша жоспарланған 72 үйдің 42-нің жөндеу жұмыстары аяқталды. Ал қалған үйлердің жұмыстары да аяқталуға жақын. Сонымен қатар, облыстағы 5 аудан бойынша 9 үй жөндеуден өтті.

Жалпы, алдағы жылы облыс бойынша 115 көпқабатты тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін жалпы құны 1762,5 млн. теңгеге Ұлттық экономика министрлігіне бюджеттік өтінім тапсырылды. Негізі облыста 2020 жылға дейін 570 үйді жөндеуден өткізу көзделуде. Қалай айтқанда да, біздің басты міндет тұтынушылар сұранысын қанағаттандыру екені белгілі. Сондықтан да бұл бағыттағы жұмыстар жандандырыла беретін болады.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

КЕЛЕШЕК КІЛТІ – БІЛІМДЕ

Биылғы оқу жылының ерекшелігі жалпы білім беретін мектептердің жаңа оқу стандартына сәйкес 2 сыныпта ағылшын тілі, 6 сыныпта информатика пәнін оқыту жүзеге асырылды. Осыған байланысты облыстағы білім ұйымдарының қажетті мамандармен, оқулық және оқу-әдістемелік кешендермен толық қамтылуы жөнінде сараптама жүргізілді. Оқушылардың оқулықтармен қамтылуы 98 пайызды құрады, келер жылы толық қамтамасыз етуге жұмыстар жасалуда.

Білім сапасын арттыру мұғалімдердің білім деңгейін жетілдіруге де көп байланысты. Облыс көлемінде 1102 мұғалім үш деңгейлі курстан өтті, оның 82-і мектеп директоры. Жалпы биылдың өзінде 3 мыңнан астам мұғалім өз білімін жетілдірді. Биыл алғаш рет Қызылорда мемлекеттік университетінің 25 үздік бітірушісі үшжақты келісім арқылы білімін жетілдірді. Бұл мұғалімдердің жаңа буынының жасақталғанын көрсетеді.

Мұғалім мәртебесін көтеру мақсатында биыл 40 ұстаз миллионерлер қатарын толықтырды. Алдағы аптада облыстық математиктер форумы өтіп, осы пән ұстаздарының олимпиадасының қорытындысы жария етіледі. Жеңімпаздарды қомақты сыйлықтар күтіп тұрғаны аян. Оған қоса "Орта білім беретін үздік ұйым" атағын жеңіп алған білім ордасына 16 млн. теңге беру көзделуде.

1-бет

Білім басқармасы басшысы оқушылардың денсаулығын сақтау, оларды тасымалдау, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын ыстық тамақпен қамту, отын қоры, мектеп оқушылары арасындағы суицид және құқық бұзушылық мәселелеріне жан-жақты тоқталды. Жаңажылдық Президенттік шыршаны өткізу, Байқоңыр қаласындағы білім беру ұйымдарын қазақстандық оқу стандартына көшіру жайын да айтып өтті. Сонымен қатар облыстағы талантты жастардың білім алуын қолдау мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстарға назар аударды. Қазіргі таңда 365 мектеп түлегі өңірге қажетті мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарында әкім грантымен оқуда. Оны алдағы жылы 500-ге жеткізу көзделуде. Елбасы тапсырмасына сәйкес "Жастардың кәсіптік және аумақтық мобильдігін арттыру мәселесі" бойынша аймақ жастарын еліміздің солтүстік өңірлеріндегі оқу орындарында оқытуды ұйымдастыру қолға алынды. "Серпін-2050" бағдарламасы аясында Сыр бойынан 800-ге тарта жас солтүстік облыстардың жоғары, арнаулы оқу орындарында оқуда. Бұл – республикадағы ең жоғары көрсеткіш.

Облыстық білім басқармасының басшысы журналистердің сұрақтарына жауап берді.

Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.

ТАҢДАУЫМЫЗ – ТАЗА ҚОҒАМ

Сыбайлас жемқорлық – қоғамның басты дертінің бірі. Мұнымен күрес бүгінгі күні әлемнің барлық елінде жүргізіліп келеді. Осының бірден-бір дәлелі ретінде 9 желтоқсан – халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күні болып белгіленгенін айтуымызға болады. Бұл тұста мемлекетіміз де БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес конвенциясына қосылып, оның шарттарын жүзеге асыруда. Мерекеге орай Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың Студенттер сарайында ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаментінің ұйымдастыруымен «Біздің таңдауымыз – сыбайлас жемқорлықсыз қоғам» атты акция аясында жиын болып өтті.

Шараның негізгі мақсаты – қоғамды жайлаған індеттің алдын алу, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, оларды онымен күреске тарта отырып, жемқорлыққа қарсы көзқарастарын қалыптастыру.

Алғаш болып сөз алған ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті басшысының орынбасары, тәртіптік кеңес төрағасы Марат Оразәлі департамент тарапынан жемқорлыққа қарсы жасалып жатқан жұмыс жайын сөз етті. Сондай-ақ, күрестің негізгі тетіктері мен мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайластық көріністерінің пайда болуының факторларына тоқталды. Оған қоса, барлық жиынға қатысушыларды індетке қарсы біріге күресуге шақырды.

– Жемқорлықпен күрестің ең негізгі тетіктерінің бірі – қоғаммен байланыс. Ал, қоғамның қозғаушы күші – жастар. Сондықтан бұл індетті барлығымыз бірігіп жұмыла жасаған әрекетіміздің арқасында ғана жаңе алатынымыз ақиқат. Қазіргі таңда біздің департаментті кәсіби деңгейі жоғары, отансүйгіш патриот мамандармен жасақтау жұмыстары басталды. Себебі, жемқорлыққа қарсы тәсілдерді анықтай, зерделеп, талдай білетін арнайы мамандар, яғни заңгерлер, әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар қажет. Ол үшін арнайы конкурстар жарияланатын болады, – деді М. Оразәлі.

Мұнан бөлек ауқымды тақырып бойынша «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Өлмесхан Болатбеков сөз алып, жемқорлыққа қарсы күресті ең алдымен әрбір адам өзінен бастау керектігін баса айтты.

– Осыдан 6 жыл бұрын Елбасы Н.Назарбаевтың қатысумен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес турасында үлкен шара өткен болатын. Онда «Нұр Отан» партиясына мемлекеттік органдармен бірге әлемдік дертке қарсы жұмыс жасауға үлкен жауапкершілік жүктелді. Содан бері қанша уақыт өтсе де сыбайластыққа сүрініп, жемқорлыққа жығылған фактілер көбеймесе, азаймай тұр. Бұл ретте жастарды таза қоғам құруға, Елбасы артқан сенімді ақтауға шақырамын. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып бірлесе күрессек, еліміз өркендеп, Мәңгілік ел болатыны сөзсіз, – деді.

Жиын барысында жастар да өз тараптарынан үн қосты. Олардың қатарында «Жастар одағы» қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшесі Серік Әбіл, «Жас Отан» жастар қанатының Қызылорда қалалық филиалының атқарушы хатшысы Әлішер Қардашов, «Қызылорда жастары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бауыржан Мәстеков бар. Олар шараға байланысты ұсыныстарын жасап, сыбайластыққа қарсы бірлесе жұмыс жасайтындықтарын жеткізді. Басқосу соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

М.ОТАРАЛЫ.

ҚАРТТАРЫМ, АМАН-САУ ЖҮРШІ...

Тұңғыш Президент күні және Тәуелсіздіктің 23 жылдық мерекесін атап өтуге арналған облыс әкімінің іс-шаралар жоспарына сәйкес денсаулық саласы бойынша 1-8 желтоқсан аралығында облыс көлеміндегі емдеу алдын алу мекемелерінде «Дені саудың – жаны сау» ұранымен «Ашық есік» күндері жарияланып, түрлі іс-шаралар өткізілгені белгілі. Осының аясында облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының ұйымдастыруымен қалалық ардагерлер үйінде ардагерлер мен зейнеткерлердің денсаулығын бақылау мақсатында тегін медициналық тексеру өткізілді.

Елбасымыз «Ата-анаға құрметпен қарап, алаңсыз қарттық сыйлау, ұрпаққа қамқорлық жасау – әрбір адамның қасиетті борышы» деп бүгінгі буынға үлкен міндет жүктеді. Сарабдал саясаттың арқасында қоғамымызда қарттарға көрсетілетін қамқорлық артып келеді. Игі шарада ардагерлерге терапевт, невропатолог, отоларинголог, окулист, диетолог, психолог мамандары дәрігерлік бақылау жүргізді. Сонымен қатар, қарияларға қан қысымын өлшеу және қандағы қант, холестерин мөлшерін анықтау қызметтері көрсетіліп, рентгендік тексерулерден жүргізілді.

Зейнетке шыққан кісілерде жиі кездесетін күйзелістің алдын алу мақсатында психолог маманы «Ақсұңқар» психодиагностикалық аппараты арқылы мінез бітімдерінің ерекшеліктерін анықтап, психологиялық кеңестер берсе, диетолог маманы егде тартқан кісілердің тамақтануы туралы пайдалы кеңестер мен мағлұматтар айтты.

Медициналық тексеру кезінде анықталған қауіп-қатер факторлары бойынша толыққанды кеңестер беріліп, жергілікті емханаларда жүйелі мамандар кеңесіне жүгіну керектігі ескертіліп, аурулардың алдын алу шаралары және саламатты өмір қағидаларына арналған 1400 дана ақпараттық-танымдық материалдар таратылды.

А.СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ.

«НҰРЛЫ ЖОЛ»
НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕДІ

Елбасы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында Мәңгілік Ел идеясын «елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі» деп атап көрсетті. Оны XXI ғасырдағы Қазақстанның мызғымас идеялық тұғыры ету үшін атқарылатын жұмыстарды да айқындап берді.

Сонымен бірге Елбасы алдағы жылды «ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі биіктерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы» деп белгіледі. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституцияның 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығын атап өту мәдениет саласында еңбек ететін ұжымдарға үлкен жауапкершілік жүктейді. Осы ретте облыстық мәдениет басқармасының басшысы Ержан Абдрахманов саланың жыл бойы атқарған жұмыстары туралы әңгімелейді.

– Қайсыбір саланың даму деңгейі оған жылма жыл бюджеттен бөлінетін қаржыға тікелей қатысты екені белгілі. Бұл орайда өткен жылмен салыстырар болсақ, облыстың мәдениет саласына облыстық бюджет қоржынынан 2013 жылы 1 млрд. 321,3 млн. теңге қаржы бөлінсе, 2014 жылы 1 млрд. 854,6 млн. теңге бөлініп, игерілді.

Жыл көлемінде облыстың бірқатар клубтары мен мәдениет үйлеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, олардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға да қомақты қаржы жұмсалуда. Мысалы, биылғы жылы облыстық бюджеттен орталықтандырылған жүйе арқылы 7 ауданға «Зерде» мәдени-ақпараттық автокөлік алынып берілді. Бұл автокөліктер дыбыс күшейткіш аппаратурасы, музыкалық аспаптар, концерттік киімдер, видеопроектор, электрогенератор секілді қажетті құралдармен толық жабдықталған. Сонымен қатар, жылдар бойы қордаланып келген штат мәселесі де шешімін тауып, нәтижесінде ауыл мәдениетін көтеру мақсатында облыстық бюджеттен 410 штаттық бірлік берілді. Облыстық театрға, филармонияға және музейлерге 123 штаттық бірлік бөлінді.

Ұлттық мәдениетіміздің қайнар көзі, халқымыздың бай мәдени-мұрасы – әнін, биін, күйін, жыр-термесін, қолөнерін, салт-дәстүрін кейінгі ұрпаққа насихаттауда үйірмелердің және қатысушы өнерпаздардың үлесі зор. Облыс халқына мәдени қызмет көрсететін клуб кәсіпорындары мен мәдениет үйлерінде барлығы 20 түрлі жанрда 726 көркемөнерпаздар үйірмесі және әуесқой бірлестіктер жұмыс жасайды, олардың 600-ге жуығы ауылдық жерде.

Жыл ішінде барлығы 12 байқау-конкурс (5 халықаралық, 4 республикалық, 1 аймақтық, 6 облыстық байқау) ұйымдастырылып, оған 735 өнерпаз қатысты.

«Кітап – білім бұлағы» деген қағиданы еске алсақ, оның бержағында бүгінгі күні тікелей ақпараттық-насихаттық жұмыспен айналысатын, идеологиялық жұмысты үйлестіретін мәдениет мекемесі – кітапханалар. Қазіргі таңда облыс кітапханаларының кітап қоры 4,5 млн. дана шамасында, оның ішінде қазақ тіліндегі әдебиеттер саны 2,3 млн. дананы құрайды. Кітап қорлары жылма-жыл жаңа кітаптармен толықтырылып келеді.

Қазіргі «ақпараттар ғасырында» кітапханаларды заманауи технологиялық жабдықтармен қамтамасыз етуге үлкен мән берудеміз.

Облыс кітапханаларындағы компьютер саны – 359, оның 126-сы ауылдық кітапханада. Интернет жүйесіне қосылған кітапханалар саны 64-ке жетіп отыр, оның 33-і ауылдық жерде.

Бүгінгі күнге облыстық кітапхана қорындағы 283 дана кітап және 6 газет топтамасы сандық жүйеге көшіріліп, оқырмандарға ұсынылуда.

Салалық министрлік бекіткен өзара «облыс апталарын» өткізу кестесіне сәйкес Ақтөбе облысының Қызылорда облысындағы өнер күндері сәуірде өткен болатын. Ал, қараша айында Қызылорда облысының Ақтөбе облысындағы өнер күндері ұйымдастырылды. Мұндай іс-шараның мақсаты – еліміздің әр өңірінің бір-бірімен мәдени байланысын жақсарту, Сыр елінің өзіне ғана тән өнерімен ақтөбеліктерді таныстыру. Күндер бағдарламасында – облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Шежірелі Сыр елі» атты көрмесі, «Сыр – Алаштың анасы» атты облыс өнер шеберлерінің гала-концерті, Нартай Бекежанов атындағы музыкалық драма театрының «Қорқыт» драмасының қойылымы өткізілді. Өнер күндері аясындағы Қызылорда облыстық филармониясының «Сәлем Сырдың елінен!» атты концерттері Ақтөбе облысының Әйтеке би, Ырғыз аудандары тұрғындарына ұсынылды.

Маусым айында Астана күні мерекесіне орай Елордадағы Қызылорда облысының өнер күндері аясында мерекелік шаралар ұйымдастырылды. Күндер аясында Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының қойылымдары, «Сыр өнірі – түркі өркениетінің алтын бесігі» тақырыбындағы көрме және Сыр елі өнер шеберлерінің «Сыр – Алаштың анасы» атты гала концерті, сондай-ақ, «Тілеп Қобыз» сарайында «Сыр сұлейін сұрасаң...» атты жыршы-орындаушылардың дәстүрлі жыр кеші, «Конгресс Холл» сарайында ақын, әнші-сазгер Елена Әбдіхалықованың және облыс өнерпаздарының «Мен – Сырдариямын» атты концерті өткізілді.

Жыл басынан бері театр репертуары 7 жаңа спектаклмен толықты, оның 3-і балаларға арналған қойылым.

Биылғы жыл Қазақстан театрлары арасында «Сәбира Майқанова жылы» болып аталып өткені көпшілікке мәлім. Осы орайда, Қызылорда қаласында сахна саңлағы, майталман актриса, Сыр елінің перзенті, ҚСРО және Қазақстанның халық артисі С.Майқанованың 100 жылдығына арналған XXII республикалық театрлар фестивалі ұйымдастырылды. Оған қатысқан 9 театрға фестиваль қорытындысымен түрлі номинациялар беріліп, облыс әкімінің 1 млн. теңге арнайы жүлдесі Астана қаласының Жастар театрына табыс етілді.

Үштұғырлы тіл саясатын қолдау мақсатында Астана қаласында өткізілген халықаралық фестивальға Лондон қаласынан «Orzu Arts» театры мен Санкт-Петербургтің «Эксперимент» театры және Қызылорданың Н.Бекежанов атындағы музыкалық драма театры жазушы-драматург Д.Исабековтің «Өкпек жолаушы» спектаклін (үш театр үш тілде) көрерменге ұсынды. Нәтижесінде біздің театр келесі жылы Лондонға шақыру алды. Театр ұжымының Ұлыбританияға бару сапарының оң шешімін табуы алдағы күндердің еншісінде.

Дәстүрлі музыканы сақтау және насихаттау мақсатында қазан айында халықаралық «ТҮРКСОЙ» ұйымымен бірлесіп, түркітілдес халықтардың «Қорқыт және Ұлы Дала сазы» дәстүрлі музыкалық өнер фестивалі өткізілді. «Тұран және түркі әлемі» атты Сыр елі қолөнер шеберлерінің этно-археологиялық көрмесінен бастау алған фестиваль фольклортанушы ғалымдардың, өнер зерттеушілері мен фестиваль қонақтарының қатысумен өткен «Қорқыт Ата мұралары – түркі халықтарының рухани қазынасы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциямен жалғасып, түркітілдес елдер мен қазақстандық өнерпаздардың қатысуымен фестивальдің мерекелік концерттері өткізілді.

Фестивальға Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Молдова елдерінен және Ресей Федерациясының Татарстан, Алтай, Башқұртстан республикаларынан ғалымдар мен өнерпаздар және «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының Бас хатшысы Д.Қасейінов, Қазақстанның халық жазушысы О.Сүлейменов қатысты.

Биыл екінші рет облыс орталығында аудандар мен Байқоңыр, Қызылорда қалаларының өнер күндері өткізілді. Бұл шара облыс аудандары мен қалалары мәдениетінің даму деңгейін анықтауға, сондай-ақ, бір-бірімен тәжірибе алмасуына мүмкіндік жасады.

Биылғы өнер күндерінде аудандардың өткен жылмен салыстырғанда алға басушылықтары байқалды. Аудандардың концерттік бағдарламалары барлық жанрларды қамтуымен, жоғары көркемдік орындаушылық деңгейге талпынуымен және бұқаралық сипатымен ерекшеленді. Сондай-ақ, бұл шара көркемөнерпаздықтың жандануына, жаңадан хор, би ұжымдары мен ансамбльдердің құрылуына септігін тигізді.

Қызылорда облысы әкімдігі мен Татарстан Республикасы арасында экономикалық және мәдени байланысты нығайту мақсатында жасалған меморандум аясында облыстық филармонияның өнер ұжымы арнайы концерттік бағдарламамен қараша айының соңында Қазан қаласына барып, Сыр өнерін паш етіп қайтты. Концерттер өте жоғары деңгейде ұйымдастырылып, Татарстан Президенті аппаратынан, елшіліктен ресми өкілдер қатысып, ризашылықтарын білдірді.

Қараша айында Қызылорда қаласында композитор К.Дүйсекеевтің әндерін орындаушылардың IV республикалық конкурсы өткізілді. Бұл конкурс облысымызда дәстүрлі түрде жыл сайын қазақ эстрадасының мэтрі, К.Дүйсекеевтің тәрағалығымен ұйымдастырылып келеді. Конкурсқа еліміздің әр өңірінен 20 өнерпаз қатысып, бас жүлдені астаналық С.Ахмет иеленді.

Жылдың тағы бір үлкен жаңалығы бұрынғы әскери комиссариаттың ғимараты күрделі жөндеуден өткізіліп, онда көркемсурет галереясы ашылды және осы ғимаратқа Суретшілер одағының филиалын орналасты. Халық игілігіне ұсынылған бұл галерея жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруде өзіндік роль атқарады деп сенеміз. Қазірдің өзінде балаларға арналған изостудия ашу қолға алынуда. Келешекте галерея қызметінің ауқымын кеңейтіп, оны облыстың туристік кластеріне енгізу бағытында жұмыстар жасаймыз.

Сондай-ақ, облыстық филармония жанынан Сыр елі мәдениеті тарихында тұңғыш рет камералық оркестр құрылып, тұсаукесер концертін берді.

Сыр бойының өнерпаздары өздерінің өнерін сырт жерлерде көрсетіп, көптеген өнер додаларына қатысып, жүлделі орындарды иемденіп жүр. Биылғы жылдың өзінде «Останкино» және «Musikbox» телеарналарының қолдауымен Мәскеу қаласында өткен III Халықаралық «Золотой голос» өнер фестивалінде филармонияның әншісі Гаухар Бисекенова жүлделі I орынды, Алматы қаласында өткен «Корей романстары» байқауында Ұлпан Әбдікәрімова жүлделі I орынды, Ресейдің Волгоград қаласында өткен «Дельфийлік Волгоград-2014» Еуропалық жастар Дельфийлік ойындарында өнер көрсеткен Назым Сағынтай конкурстың «Академиялық ән айту» номинациясы бойынша «Алтын медалін» жеңіп алды. Бұл, әлбетте, біз үшін үлкен жетістік.

Өткен тарихымызды білмей болашаққа ұмтылу мүмкін емес екендігі айқын. Жуырда облыс әкімі жанындағы Қызылорда облысының тарихи-мәдени мұраларын қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-әдістемелік Кеңестің кезекті отырысы өткізілді. Онда күн тәртібіне енген 6 мәселе бойынша хабарламалар тыңдалып, нақты хаттамалық тапсырмалар берілді.

Облыс көлемінде 496 тарих және мәдениет ескерткіші мемлекет қорғауына алынған. Оның ішінде 21-і республикалық, 274-і жергілікті маңызы бар ескерткіштер.

Қазалы ауданындағы Жанкент, Қармақшы ауданындағы Шірік Рабат, Жаңақорған ауданындағы Сығанақ қалашықтарына археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Жанкент қалашығынан табылған жәдігерлер облыстық музейдің қорына өткізілді. Ал, Сығанақ, Шірік Рабат қалашықтарынан табылған заттар ғылыми өңделгеннен кейін музейге өткізілетін болады. Тарих және мәдениет ескерткіштерінің 71-іне қорғау тақталары орнатылды, 96 ескерткіштің төлқұжаты жаңаланды. Бұл жұмыстар алдағы уақыттарда да жалғасын таба бермек.

Жазып алған
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

ҚЫЗЫЛОРДА-ЖЕЗҚАЗҒАН ЖОЛЫ
Сыр мен Арқаны жалғайды

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты дәстүрлі Жолдауы жаңа экономиканың саясатын қамтиды. Елбасы жолдың шын мәнінде, өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі екенін, қайнаған тіршіліктің бәрі елдің күре жолға қатысты екенін баса айтты. Өйткені, жолдардың дамуы тіршілікпен тығыз, тікелей байланысты, бәсекелестік кеңістікте жолдары дамыған ел ғана алдыңғы орынға шығатынына көз жетті.

Жолдауда: «Астанада тоғысқан тоғыз жолдың торабы елорданың жасампаздық рухын тарататын өмір-тамырға айналуы тиіс. Аймақтардың өзара байланысын жақсарту елдің ішкі әлеуетін арттырады. Облыстардың бір-бірімен сауда-саттығы, экономикалық байланыстарын нығайтады. Ел ішіне тың нарықтар ашады. Осылай, алысты жақын ету – бүгінгі Жолдаудың ең басты түйіні болмақ», – делінген.

Ел келешегін көркейтер Жолдауды жүзеге асыру бағытында атқарылар жұмыстарға «Қазақавтожолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда облыстық филиалының қосар үлесі қомақты.

Жол – әр елдің әлеуметтік жағдайын айғақтайтын ең бірінші стратегиялық нысан. Елімізде бұл мәселеге соңғы он жылдықта баса назар аударылып келеді. Үстіміздегі жылдың 19-20 қарашасы аралығында Астана қаласының «Көрме» орталығында “Казавтодор - 2014” көрмесі өткізілді.

–Көрмеге қатысып қайтқан әріптестер ерекше әсермен оралды, – дейді “Қазақавтожолы” РМК Қызылорда облыстық филиалының директоры Базархан Абыласанов. – Мемлекет дамуының жаңа бағыттарын айқындайтын экономикалық саясатына сай, аймақ пен аймақты, ел мен елді байланыстыратын күре жолдар салу мақсатында, «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» магистральдық көлік дәлізі салынып, республикалық маңызы бар «Самара-Шымкент» тас жолы 2015 жылы толықтай іске қосылмақ.

Қазірдің өзінде халық осы тақтайдай тегіс жолдың игілігін көріп отыр. Бірақ бір ғана жолдың салынып болуымен барлық мәселенің шешіле қоймасы анық.

– Қазір облыстағы күрделі жөндеуді қажет ететін жолдардың барлығына жыл сайын ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі, – дейді филиал басшысы. – Алайда тозығы жетіп тұрған жерді қайта-қайта жамай беру тиімсіз. Ал республикалық бюджеттен бөлінетін азын-аулақ қаржыға ештеңе істей алмайсың. Мәселен, филиал бойынша 2014 жылы республикалық маңызы бар автожолдарды ағымдағы жөндеу мен күтіп ұстауға 500 млн. теңге бөлініп, 2014 жылдың 9 айында ол толық орындалды. Осының нәтижесінде, үстіміздегі жылдың 9 айлық қорытындысымен республикалық филиалдар арасынан 1-орынға шығып, марапат иелендік. Десек те, бөлінетін қаржылар жазда ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізіп, қыста жол тазартуға әрең жетеді.

Жол жөндеу жұмыстарын сапалы әрі уақытылы жүргізуде жол құрылыс техникаларының алар орны маңызды болып есептеледі. Бұл ретте мекеменің жол техникалар паркі айтарлықтай жарақтандырылып тұрады. Айтар болсақ, үстіміздегі жылдың өзінде «Қазақавтожол» республикалық мемлекеттік кәсіпорнынан облыстық филиалға жаңадан 10 дана КамАЗ комбинирлі жол машинасы алдырылды.

Алайда осындай жөндеу жұмыстарына қарамастан жолдың сапасын сол күйі сақтап қалу қиын. Себебі жыл өткен сайын республикада көлік саны көбейіп жатыр. Деректерге сүйенсек, 2008 жылы еліміздегі автокөліктер саны 2 млн.-нан астам болған екен. Ал қазір бұл көрсеткіш 4 млн.-ға жуықтады. Бұған қоса, қазір Қазақстандағы жүк айналымының отыз пайызға жуығы автокөліктің үлесіне тиеді. Және бұл көрсеткіштің де жыл сайын ұлғаймаса азаймасы анық. Ал Қызылорданың тоғыз жолдың торабында орналасқан қала екенін ескерсек, біздің жолдарға түсетін салмақ та ауырлай береді.

Бүлінген жолды қайта қалыпқа келтіруге тағы қыруар қаржы жұмсалады. Сондықтан филиал тиісті мекемелермен бірігіп жұмыс жүргізіп жатыр. Үкіметтің қаулысы бойынша көктемде, яғни наурыз айының соңынан мамырға дейін жүк көліктерінің жолда еркін қатынауына шектеу қойылады. Ал жазды күнгі 37-40 градус ыстықта жүк көліктері ыстық қайтқаннан кейін ғана жүреді. Өйткені еріген асфальттің үстінде көліктің ізі қалса, қайта қалпына келтіру қиын.

Жалпы жол салу қымбат құрылыс қатарына жатады. Бір шақырым жол салуға орта есеппен 130 миллион теңге жұмсалады. Құрылысқа қажетті құм, қиыршық тас секілді өнімдердің барлығы жергілікті кәсіпкерлерден алынғанның өзінде біраз қаражат жұмсалады. Өйткені, құрылыс материалдары қымбат. Сондықтан мемлекет тек қана маңызы бар жолдарға баса назар аударып, оның тиімділігін бірінші кезекке қояды. Құрылыс біткеннен кейін бірден қыруар пайда түспейді. Біз оның игілігін бірнеше жылдардан кейін ғана көруіміз мүмкін. Ең бастысы, жол біздің ұрпағымыз үшін керек.

Бір қынжылғанымыз, жыл бойы тазалық жұмыстары жүргізілгенімен, күре жолдың бойында тазалыққа мән беретін жолаушы аз. «Қазақавтожолы» мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда облыстық филиалының қызметкерлері жазда республикалық маңызы бар жолдардың бойындағы күл-қоқысты жинап, жол белгілерін жаңартып отырады. Бірақ жолаушылар мәдениетінің төмендігі мекеме жұмысшыларының еңбегін зая кетіріп отыр. Жалпы дамыған елдерде бұндай мәселеге бейжай қарамайды. Мәселен, Малайзияда асфальтқа тасталған қалдық пен сағыз үшін бір ай қоғамдық жұмысқа тартылып, 500 АҚШ доллары көлемінде айыппұл салынады. Ал Қытайда көшеде түкіргені үшін айыппұл төлейді. Ең алдымен адам еңбегін құрметтеуге үйрететін осындай шараларды біз де қабылдасақ артық емес шығар...

Филиал директорының айтуынша, кез келген жол салынғаннан кейін сегіз немесе он жылдан кейін күрделі жөндеуден өтуі тиіс. Егер осы ережеге сүйенсек, «Қызылорда-Жезқазған» бағытындағы жолды қайта жөндейтін уақыт келді. Бірақ осыған дейін Сыр мен Арқаны жалғап жатқан жолдың осы жағдайына да тәубе десіп, оны жөндеуге көңіл де, қаржы да бөліне қойған жоқ. Тек әр жылдары ішінара жөнделіп тұрды.

2003 жылы 29 шақырымы күрделі жөндеуден өтсе, 2008-2009 жылдары орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Алайда тозығы жеткен жолды күрделі жөндеу болмаса, жай жамап түзету қиын. Біраз уақыт бұрын осы жолдың 59 шақырымының асфальт қабаты болмағандықтан, қайта қалпына келтіру үшін жоба жасалды. Қаржы бөлінбегендіктен жоба ескірді.

– Әрине, халық жолды пайдаланып отырғандықтан, иесіз қалдыра алмаймыз. Жыл сайын қолдан келгенше ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргіземіз. Ұзындығы 204 шақырым болатын «Қызылорда-Жезқазған» жолы – облыстағы күрделі жол. Бұл жол Астана қаласына тікелей шығатындықтан, оңтүстік пен солтүстік облыстар жолаушылары да осы жолмен қатынайды. Аталған өңірлердің көпшілігінде мұнай, көмір өнімдері шығатын болғандықтан, ауыр жүк көліктері жиі жүреді. Бұған қоса экономикалық тұрғыдан, әсіресе, орталық облыстар арасындағы байланысты нығайтуда маңызы зор, – дейді Базархан Абыласанов.

Сыр мен Арқаны жалғап жатқан ұлы жолға қатысты көп мәселенің шешімі Елбасы Жолдауынан табылды. Құнды құжатта көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды дамыту макроөңірлерді хабтар қағидаты бойынша қалыптастыру аясында жүзеге асырылатыны айтылды. Бұл бағытта бірінші кезекте жүзеге асырылатын негізгі автожолдар ретінде «Батыс Қытай – Батыс Еуропа»; «Астана – Алматы»; «Астана – Өскемен»; «Астана – Ақтөбе – Атырау»; «Алматы – Өскемен»; «Қарағанды – Жезқазған – Қызылорда»; «Атырау – Астрахань» жобалары нақтыланды.

«Қазақавтожолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны Қызылорда облыстық филиалы құнды құжатты ел өмірінің өзегіне айналдыратын ауқымды істерге дайын. Өйткені, «Қызылорда-Жезқазған» автокөлік жолы логистикалық жағынан тиімді орналасқан Сыр өңірі үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

М.АҚЫНҰЛЫ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ АУЫЛ ӨНДІРІСІНЕ ЖАҢА СЕРПІН БЕРДІ

Газет тілшісінің сауалдарына Қармақшы ауданының әкімі Нәжмадин Шамұратов жауап береді.

– Нәжмадин Шәкизадаұлы, біз сізбен биылғы егін жинау науқаны басталар тұста жүздесіп, әңгімелескен едік. Сол әңгіме барысында аудан еңбеккерлерінің асыраушы саланы өркендету бағытында атқарып жатқан игілікті істері туралы айтқан едіңіз. Сонымен егін жинау науқаны қалай қорытындыланды? Ауыл шаруашылығының басқа салалары бойынша мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы туралы не айтасыз?

– Қазір егеменді еліміздің әлеуметтік жаңғыру ісіне жаңа қадам жасағаны, даму үдерістеріміздің жаңа қағидаттарын белгілеп отырған ерекше кезең болып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жуырда ғана халыққа арнаған “Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” деп аталатын Жолдауы әлемдік өркениетте елеулі орны бар, қарқынды дамып келе жатқан еліміз үшін ерекше серпіліс туғызды. Әрине, жанжақты сараптан өткізілген, бүгінгі күрделі уақыттың мазмұнын елеп-екшеген Елбасының маңызды құжаты бізге де келелі міндеттер жүктейтінін атап өткім келеді.

Аудан экономикасының көптеген салаларында макроэкономикалық көрсеткіштердің өсуіне қол жеткізілді.

Ауыл шаруашылығы саласы бойынша үстіміздегі жылы барлығы 21403 гектар жерге егіс егіліп, оның 14321 гектарына күріш дақылы себілді. Өткен жылмен салыстырғанда жалпы егіс көлемі 701 гектарға (103,3%), күріш көлемі 1145 гектарға (114,4%), артық орналастырылды. Үстіміздегі жылы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, 675 млн. теңге көлемінде субсидия берілді.

Мемлекеттік қолдау көлемі 2013 жылмен салыстырғанда 48,3 пайызға немесе 220 млн. теңгеге артып отыр. Бұл агросекторды нығайтуға, өңірлерді өркендетуге мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған көмек пен жәрдемнің жылма-жыл жақсаруының айқын көрінісі болып табылады.

Егілген 13143 гектар күріштің әр гектарынан 53 центнерден алынып, жалпы 69658 тонна Сыр маржаны қамбаға құйылды. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің ақшаға шаққандағы жалпы көлемі 5544,2 млн теңге болып, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,5 пайызға өсті.

Көптен бері шешімін таппай келе жатқан мәселе Қармақшы ауылдық округіндегі «Қожантай» су тоспасы болатын. Осы мәселе көтеріліп, Ауыл шаруашылығы министрлігі Су шаруашылығы комитетінің төрағасы И.Әбішевтің ауданымызға іс-сапары барысында нақты шешімін тапты. «Қожантай» су тоспасын қайта жаңғырту құрылыс монтаж жұмыстарына «Казсушар» мекемесі арқылы 18 млн. теңге қаржы бөлінді.

Мал басын көбейту мақсатындағы жұмыстарға мемлекет тарапынан түрлі бағдарламалар аясында қолдау көрсетіліп келеді. «Сыбаға» бағдарламасы арқылы 250 бас аналық сатып алып, тұқымдық түрлендіруге қатыстыру жоспарланған. Бүгінгі күнге 4 шаруа қожалығы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Қызылорда филиалынан 38 млн. теңге несие алып, оған 206 бас аналық, 11 бас асыл тұқымды бұқа сатып алды. Сонымен қатар 1 шаруа қожалығы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Қызылорда филиалына құжаттарын өткізіп, 59 бас аналық, 3 бас асыл тұқымды бұқа алуды межелеп отыр. Қазіргі таңда 5 шаруашылық субъектісі 123 бас аналық, 8 бас асыл тұқымды бұқа алу мақсатында несие алуға «Қорқыт елі» серіктестігімен жұмыс жасауда.

Жергілікті мал тұқымын асылдандырудың өнімділігі мен сапасын жақсартуға байланысты «Казагромаркетинг» акционерлік қоғамының ақпараттық талдау жүйесіне 15 шаруашылық енгізілді.

Тұқымдық түрлендіруге енгізілген аналық саны 868 бас, бұл жыл басындағы аудандағы ірі қара малы аналығының 7,6 пайызына жетті. Өткен жылы 5,6 пайыз болған. Жылдың аяғына дейін 9 пайызға жеткізіледі деген болжам бар.

Мал шаруашылығын қолдау бағытында мемлекет тарапынан 14,7 млн. теңге субсидия берілді.

«Құлан», «Алтын асық», «Ырыс» бағдарламалары аясында Қармақшы ауылдық округі бойынша 1 шаруа қожалығы, Жосалы кентінен 2 кәсіпкер, Ақтөбе ауылынан 1 кәсіпкер 120 бас бие алу мақсатында кепілдік құжаттарын дайындап, тиісті жұмыстарды жүргізуде.

Қой шаруашылығын дамыту мақсатында Ақжар ауылынан 1 тұрғын 250-300 бас , Жаңажол ауылынан 1 азамат 40-50 бас қой алуға ниет білдіріп отыр.

Сонымен қатар отбасылық тауарлы сүт фермасын ұйымдастыруға байланысты аудан тұрғындарына және кәсіпкерлерге бағдарлама талаптарын түсіндіру жұмыстары кеңінен жүргізілуде. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда мүйізді ірі қара басы 8,3 пайызға, жылқы 14,8 пайызға, түйе басы 1,1 пайызға өсті.

Ауылдарға мамандарды тарту бағытында «Дипломмен-ауылға!» бағдарламасы аясында 60 маманға 7,8 млн. теңге көтерме жәрдемақы және 59 маманға тұрғын үй сатып алуға 162,2 млн. теңге несие берілді.



– Соңғы Жолдауда Елбасы кәсіпкерлікті жандандыруға, индустриалды-инновациялық жобаларды жүзеге асыруға байланысты көптеген міндеттерді атап көрсеткен болатын. Мемлекеттік бағдарламалардың, жобалардың ауданда жүзеге асырылу барысы туралы не айтасыз?

– Өндіріс көлемін ұлғайту жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында ауданда LNG газ өндеу зауытын салу жоспарлануда. Жоспар бойынша 2016 жылы құрылысты аяқтау көзделген. Аталған зауыт іске қосылғанда 250 жаңа жұмыс орны ашылады.

Қытай компаниясының филиалы «Weizhong Petroleum Refining and Energy Company Ltd» серіктестігінің «Мұнай газ өндіру зауытының құрылысы» жобасын іске асыру жоспарламасы аясында ағымдағы жылы 3 жоба ұсынылып, олардың 2-і аймақтық үйлестіру кеңесінің шешімімен мақұлданды.

Атап айтқанда, «Мир-2001» серіктестігін «Заманауи технология ендіру арқылы бетон бұйымдары цехы» жобасы бойынша Германия мемлекетінен жаңа үлгідегі тротуарлық плитка, бордюр шығаратын зауыт алдырды. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 64,0 млн. теңге көлемінде жеңілдетілген несие алып өндірісін жаңғыртуда.

Ақай ауылдық округінен жеке кәсіпкер Ф.Шенеусізованың құны 23 млн. теңге құрайтын «Автоклавтық емес газ-бетоннан блок дайындау цехын құру» жобасы қолға алынды.

Қалған бір жоба эксперттік комисиясында қаралып, құжаттары аймақтық үйлестіру кеңесінде рәсімделуде. Ол жеке кәсіпкер Г.Бертілеуованың “Батыс Еуропа – Батыс Қытай” халықаралық автодәліз бойынан «С» категориялы сервистік қызмет көрсету кешені» жобасы болып табылады.

Сонымен бірге «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы шеңберінде ұсынылған 3 жоба кеңестің шешімімен мақұлданып, несие берілді.

– Соңғы Жолдауда Елбасы кәсіпкерлікті жандандыруға, индустриалды-инновациялық жобаларды жүзеге асыруға байланысты көптеген міндеттерді атап көрсеткен болатын. Мемлекеттік бағдарламалардың, жобалардың ауданда жүзеге асырылу барысы туралы не айтасыз?

– Өндіріс көлемін ұлғайту жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында ауданда LNG газ өндеу зауытын салу жоспарлануда. Жоспар бойынша 2016 жылы құрылысты аяқтау көзделген. Аталған зауыт іске қосылғанда 250 жаңа жұмыс орны ашылады.

Қытай компаниясының филиалы «Weizhong Petroleum Refining and Energy Company Ltd» серіктестігінің «Мұнай газ өндіру зауытының құрылысы» жобасын іске асыру жоспарламасы аясында ағымдағы жылы 3 жоба ұсынылып, олардың 2-і аймақтық үйлестіру кеңесінің шешімімен мақұлданды.

Атап айтқанда, «Мир-2001» серіктестігін «Заманауи технология ендіру арқылы бетон бұйымдары цехы» жобасы бойынша Германия мемлекетінен жаңа үлгідегі тротуарлық плитка, бордюр шығаратын зауыт алдырды. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 64,0 млн. теңге көлемінде жеңілдетілген несие алып өндірісін жаңғыртуда.

Ақай ауылдық округінен жеке кәсіпкер Ф.Шенеусізованың құны 23 млн. теңге құрайтын «Автоклавтық емес газ-бетоннан блок дайындау цехын құру» жобасы қолға алынды.

Қалған бір жоба эксперттік комисиясында қаралып, құжаттары аймақтық үйлестіру кеңесінде рәсімделуде. Ол жеке кәсіпкер Г.Бертілеуованың “Батыс Еуропа – Батыс Қытай” халықаралық автодәліз бойынан «С» категориялы сервистік қызмет көрсету кешені» жобасы болып табылады.

Сонымен бірге «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы шеңберінде ұсынылған 3 жоба кеңестің шешімімен мақұлданып, қаржыландырылды.

Қазіргі уақытта екінші деңгейлі банктерде «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 8 жобаның құжаттары қаралып, қаржыландыру мақсатындағы жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша қосымша 11 жобаның құжаттары дайындалғанын атап өткім келеді.

Ауданда кәсіпкерлікті қолдау және кәсіпкерлердің құқығын қорғау мақсатында Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалы және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ «Кәсіпкерлікті қолдау орталығы» ашылып, жұмыс жасауда. Қазіргі таңда кәсіпкерлікті қолдау орталығының кеңесшілері аудан тұрғындарына бизнес-жоспар жасау, екінші деңгейлі банктерден несие рәсімдеу, бизнесті заңды түрде тіркеу және оны дамыту үшін қажетті ақпарат беріп, аудан тұрғындарына тегін қызмет көрсетуде. Ауылдық округі әкімі аппараттарына кәсіпкерлікті қолдау дамыту мақсатында 12 штат бірлік берілді.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес кәсіпкерлікті дамыту мақсатында барлық аудан орталықтарында индустриялық аймақтар ашу тапсырылған болатын. Оларға өндіріспен айналысатын кәсіпорындар мен кәсіпкерлік субъектілерін шоғырландыру жоспарлануда.

Осы мақсатта Индустриялық аймақ үшін жер учаскелеріне жер пайдалану құқығы табысталды.

Оның біріншісіне аудандық бюджеттен 9,6 млн. теңге бөлініп, индустриялық аймақтың жобалық-сметалық құжаттамасы дайындалып қажетті инфрақұрылым жүйелерін жеткізу үшін қаржы бағыттау мәселесі аймақтық үйлестіру кеңесінің шешімімен мақұлданды. 121,3 млн. теңгеге бюджеттік өтінім Өңірлік даму министрлігі жанындағы Кәсіпкерлікті дамыту комитетіне өткізілді.

Индустриялық аймақта «Териос» ЖШС-ның «Иінді трубалар шығару цехы» жобасы, жеке кәсіпкер Қ.Досмұратовтың «Кондор-1» қондырғысымен қабырға блоктарын шығару және тротуар плиткасын шығару цехы, жеке кәсіпкер Ж.Бұқпановаңың «Профнастил шығару цехы», жеке кәсіпкер Б.Өтегеновтың «Целлофан пакет шығару цехы» орналасуда. Зауыт алдын ала есеппен жылына 250 мың тонна ЕВРО-3, ЕВРО-4 стандарттағы жанар-жағармайларын, және 1,4 млн. тонна мазут, 2,9 млн. тонна дизель майларын өндіретін болады.

Есепті кезеңде тіркелген шағын субъектілердің саны өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 13,3 пайызға, онда жұмыспен қамтылғандар саны 13,7 пайызға артты. Шығарған өнім көлемі 9,5 пайызға, бюджетке түсірілген салықтар мен алымдар 3,8 пайызға өсіп отыр.

«Үдемелі индустриялық-инновациялық даму» бағдарламасы аясында ағымдағы жылы 3 жоба ұсынылып, олардың 2-і аймақтық үйлестіру кеңесінің шешімімен мақұлданды.

Атап айтқанда, «Мир-2001» серіктестігін «Заманауи технология ендіру арқылы бетон бұйымдары цехы» жобасы бойынша Германия мемлекетінен жаңа үлгідегі тротуарлық плитка, бордюр шығаратын зауыт алдырды. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 64,0 млн. теңге көлемінде жеңілдетілген несие алып өндірісін жаңғыртуда.

Ақай ауылдық округінен жеке кәсіпкер Ф.Шенеусізованың құны 23 млн. теңге құрайтын «Автоклавтық емес газ-бетоннан блок дайындау цехын құру» жобасы қолға алынды.

Қалған бір жоба эксперттік комисиясында қаралып, құжаттары аймақтық үйлестіру кеңесінде рәсімделуде. Ол жеке кәсіпкер Г.Бертілеуованың “Батыс Еуропа – Батыс Қытай” халықаралық автодәліз бойынан «С» категориялы сервистік қызмет көрсету кешені» жобасы болып табылады.

Сонымен бірге «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы шеңберінде ұсынылған 3 жоба кеңестің шешімімен мақұлданып, қаржыландырылды.

Қазіргі уақытта екінші деңгейлі банктерде «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында 8 жобаның құжаттары қаралып, қаржыландыру мақсатындағы жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша қосымша 11 жобаның құжаттары дайындалғанын атап өткім келеді.

Ауданда кәсіпкерлікті қолдау және кәсіпкерлердің құқығын қорғау мақсатында Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалы және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ «Кәсіпкерлікті қолдау орталығы» ашылып, жұмыс жасауда. Қазіргі таңда кәсіпкерлікті қолдау орталығының кеңесшілері аудан тұрғындарына бизнес-жоспар жасау, екінші деңгейлі банктерден несие рәсімдеу, бизнесті заңды түрде тіркеу және оны дамыту үшін қажетті ақпарат беріп, аудан тұрғындарына тегін қызмет көрсетуде. Ауылдық округі әкімі аппараттарына кәсіпкерлікті қолдау дамыту мақсатында 12 штат бірлік берілді.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес кәсіпкерлікті дамыту мақсатында барлық аудан орталықтарында индустриялық аймақтар ашу тапсырылған болатын. Оларға өндіріспен айналысатын кәсіпорындар мен кәсіпкерлік субъектілерін шоғырландыру жоспарлануда.

Осы мақсатта Индустриялық аймақ үшін жер учаскелеріне жер пайдалану құқығы табысталды.

Оның біріншісіне аудандық бюджеттен 9,6 млн. теңге бөлініп, индустриялық аймақтың жобалық-сметалық құжаттамасы дайындалып қажетті инфрақұрылым жүйелерін жеткізу үшін қаржы бағыттау мәселесі аймақтық үйлестіру кеңесінің шешімімен мақұлданды. 121,3 млн. теңгеге бюджеттік өтінім Өңірлік даму министрлігі жанындағы Кәсіпкерлікті дамыту комитетіне өткізілді.

Индустриялық аймақта «Териос» ЖШС-ның «Иінді трубалар шығару цехы» жобасы, жеке кәсіпкер Қ.Досмұратовтың «Кондор-1» қондырғысымен қабырға блоктарын шығару және тротуар плиткасын шығару цехы, жеке кәсіпкер Ж.Бұқпановаңың «Профнастил шығару цехы», жеке кәсіпкер Б.Өтегеновтың «Целлофан пакет шығару цехы» орналастыратын болады. Қазіргі уақытта олардан ұсыныс түсіп, құжаттары облыстық аймақтық үйлестіру кеңесіне өткізу үшін әзірленуде.

№2 индустриялық аймаққа аудандық бюджеттен 10,8 млн. теңге бөлініп, қазіргі уақытта «Инженерное изыскание и К» ЖШС жобаны мемлекеттік сараптамаға өткізді.

Сондай-ақ, №2 индустриялық аймақта тамақ өнімдерін өндіретін және қызмет көрсету саласындағы кәсіпорындар орналасатынын атап өткім келеді.

– Келесі сұрақтың реті ауылдағы инфрақұрылымдардың жай-жапсарына қатысты болып отыр. Себебі, инфрақұрылым өзіңізге мәлім, халықтың күнделікті көңіл күй сезіміне әсер ететін маңызды салалардың бірі. Осы орайда жалпы, аудандағы автокөлік жолдарын жөндеу, ауыз су мәселесін шешу бағытындағы жұмыстар барысы туралы не айтар едіңіз?

– Соңғы уақытта барлық елді мекендердің жол жөндеу жұмыстары бұрынғы кездегіден де қарқынды жүргізілуде. Аудан орталығында, Көмекбаев, Қуандария, Алдашбай ахун ауылдық округтері бойынша бұл бағытта тиісті жұмыстар атқарылды. Нақты айтқанда, облыстық бюджеттен бөлінген 130 млн. теңгеге көптеген ауылдық округтердің көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары жасалды. Мұндай жұмыстар Төретам кенті бойынша да атқарылды. Сонымен бірге Төретам кентінің 20 көшесін жарықтандыру мақсатында 200 млн. теңгеден астам қаржы бөлініп, күн сәулесінің қуатымен жұмыс жасайтын 537 шам орнатылуда.

Мемлекеттік “Ақбұлақ” бағдарламасы шеңберінде биылғы жылы барлығы 445 млн. теңгеге 3 жоба жүзеге асырылды. Жосалы кентінде, Ақай елді мекенінде, Тұрмағанбет ауылында сумен жабдықтау жүйелері жаңғыртылатын болады. Бұл жұмыстар негізінен 2015 жылы аяқталады. Ауыз су, әлгі өзіңіз айтқандай, басқа да инфрақұрылымдардың сапалы салынуы тұрғындардың көңіл күйіне оңды әсер етеді. Мемлекет тарапынан бөлініп жатқан қаржылардың уақытында игерілуі, сонымен бірге жұмыстардың сапалы атқарылуы аудан әкімшілігінің тұрақты назарындағы басты мәселе болып табылады. Оған елді мекендерді абаттандыру, көркейту-көгалдандыру жұмыстарын қосыңыз. Аталған бағыт бойынша да ауданда қыруар жұмыстар атқарылғанын, атап өткім келеді.

Қорыта айтқанда, ауданда Елбасының атап көрсеткен басты міндеттерін жүзеге асыру бойынша мәдениет, білім, денсаулық сақтау салаларында да біршама жұмыстар атқарылуда. Осыдан біршама уақыт бұрын өкілетті орган өкілдерінің алдында берген есебімде де аталған жұмыстарға тиісті баға берілді. Әрине, барлығы толық жүзеге асырылды деген ой айтудан аулақпын, дегенмен, көпшіліктің бағасына қанағат сезімін білдіруге болады.

Әңгімелескен
Жолдасбек АҚСАҚАЛҰЛЫ.
Қармақшы ауданы.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ, ЛАҢКЕСТІК ПЕН ЖИХАДҚА ИСЛАМНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ

ЖУДА АБДУЛҒАНИ БАСЮНИ,
«Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университетінің ректоры, доктор, Каирдің «Әл-Асқар» университетінің барлық Шариғат және заң факультеттерінің төраға мүшесі.

Жер бетінде алуан түрлі қауымдардың арасынан шыққан жауыз-қаныпезерлердің қаншама қатыгездік іс-әрекеттер жасап жатқанын бұқаралық ақпарат құралдарынан күнде көруге болады. Соның көбінде «Исламдық лаңкестер», «мұсылман содырлар», «исламдық экстремистік топ»,-деген сөз тіркестері жиі естіледі, яғни осындай зорлық-зомбылық көрсету көбіне Ислам дінін ұстанушылардан деп жала жабуда.

Сондықтан, бізге Исламның қатыгездік, жауыздық атаулыға қалай қарайтынын өзгелерге айқындап беру міндет болып отыр. Сөз басында,Ислам дінін теріс іс-әрекеттермен байланыстырып кең тарап кеткен бұрыс ұғымдарды түзетуден бұрын, бірнеше мәселеге тоқталсақ:

– Ислам дінінің сүйенетін негізгі тұғырлары,бастау алатын танымдық, тағылымдық қағидалары бар. Сондықтан, нендей бір айып тағудан бұрын, өздерін ғана Исламның өкілдері санайтын белгілі бір топтың іс-әрекетін емес, керісінше, Ислам дінінің негізгі ұстындары мен қағидаларын назарға алған жөн.

– Бұл мәселені айқындап, түсіндіріп беруге адамдардың ең лайықтылары – олар Ислам тағылымдарын терең түсіне отырып егжей-тегжейлі анализ жасай алатын білімді де білікті мамандар.

– Біз алдымен оң нәтижеге қол жеткізу үшін осы тақырыпты толық талдап, кеңінен талқылауымыз қажет.

Олай болса, Ислам діні жауыздық, қатыгездік іс-әрекеттерге қалай қарайды?!

ЖАУЫЗДЫҚТЫҢ АНЫҚТАМАСЫ

«Анықтама – ұғындырушы құрал» дегендей, жауыздық, қатыгездікке Ислам дінінде былайша анықтама берілген: Бір жеріне зақым беретіндей немесе өлімге душар ететін, адамның сана-сезіміне психологиялық кері әсер беретіндей деңгейде біреуге күш қолдану. Бұл іс-әрекет – жеке тұлғаға көрсетілсе де, бір қауымға жасалса да, бүкіл қоғамға зардап көрсетілсе де, күш қолдану не қорқыту арқылы болса да жауыздық болып табылады. Қатыгездік іс-әрекеттерге қатысты Исламның ұстанымы төмендегі факторлардан құрылады:

– Қатыгездік іс-әрекеттерді атқаратындар;

– Теріс іс-әрекеттерден зардап шегетіндер;

– Қаскөйлік әрекеттерге алып баратын факторлар;

– Бұл іс-әрекеттердің қаншалықты рұқсат етілгендігі.

Тіпті қанды қақтығыстардың өзінде, соғыс алаңында шайқасып жүргендерден басқаларға қарсы қысым көрсетуге Ислам діні тыйым салады. Ал шайқас үстінде бейбіт келісімге келу мүмкіндігі туа қалса, келісімді қантөгістен артық көреді. Алла Тағала Қасиетті Құранда:«Егер олар бейбітшілікке бейімделсе, оған сен де бейімдел. Аллаға сүйен! Бәрін естіп, біліп тұрушы – Алла»,-деген. (Әл-Әнфәл: 61)

Исламның алғашқы кезеңінде арабтардың көпқұдайшылық діндерін құптамай, бір Аллаға құлшылық жасағаны үшін Пайғамбарымыз (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) Мекке мүшіріктері тарапынан зорлық-зомбылық пен қуғын-сүргінге ұшырады. Бұл жиырма үш жыл бойы жалғасты. Бірақ, Пайғамбар (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) олармен соғысқан жоқ. Керісінше, айналасындағы жәбірленіп жатқан мұсылмандарды: «Сабыр етіңдер! Ей, Ясир әулеті. Сендердің орындарың Жұмақ!»-деген жылы сөздермен сабырға шақырды. Тіпті мұсылмандар діндері мен діни азаттықтарын қорғау жолында жауларымен қарулы соғысқа түсуге мәжбүр болған шақта да барынша бейбіт бітімге жүгінгенді жөн көрді. Соған қарамастан, қарсы беттің қарулы шабуылдарының тыйылмауынан қантөгістер орын алмай қоймады.

Осының барлығын саралай келе, Ислам соғыстан бейбітшілікті, қантөгістен келісімді артық санайтын, күш қолданған жағдайда да шариғат шеңберінен шықпайтын, онда да қатыгездікке барынша жол бермеуге шақыратын дін екенін көре аламыз. Керісінше, мүмкін болған жағдайда, жұмсақтық танытуға шақырады. Пайғамдарымыздан (с.а.у) мынадай сөз қалған: «Адамдарға мейірімдік жасамағанға, Алла да мейірімділік етпейді»-деген.

ЖАУЫЗДЫҚТЫ ТУДЫРАТЫН ФАКТОРЛАР МЕН ОДАН АРЫЛУ ЖОЛДАРЫ

Бірінші фактор – әсірешіл бірбеткейлілік.

Жамандық пен қиянат атаулы адамдар ашу-ызаға жол бергенде көбейеді. Қылмысқа итермелейтін бірден-бір себеп – ашу, ызақорлық.Сондықтан, Ислам шариғатында мұсылманнан дер кезінде ашуы мен ызасын баса білу талап етіледі. Мәселен, бір жігіттің Пайғамбарымызға (с.а.у.) келіп «маған өсиет айтыңыз» дегеніне Алла елшісі (с.а.у.) оған бірнеше рет «ашуланба» деп жауап қайырғандығы хадистерде айтылған. Ал әсіре ашушаңдық, бұл өзін-өзі бағамдай алмайтын адамдарға тән. Ашу тұрған жерде даналық, ақылдың ауылы алыстап, адам әсіресіл бірбеткейлікке оп-оңай жол береді. Өзінің не істеп, не қойғанына да есеп бермейді. Міне мұндай адамдар фанатизмнің жетегінде көздеген түпкі мақсатына жету үшін барлығын қырып-жоюға, тіпті өзін де құрбан етуге дайын.

Екінші фактор – астамшылық пен шектен шығушылық.

Алла Тағала Құранда: «Ей, кітап иелері, діндеріңде шектен шығып кетпеңдер, Алла жөнінде хақ сөзден басқа сөз сөйлемеңдер»,-деп бұйырған. (Ән-Ниса: 171)Бұл тыйым Кітап иелеріне (Яхудилер мен Христиандарға) қарата айтылғанымен де, үкімі мұсылман үмбетіне де қатысты. Себебі, дінде шектен шығу кімге болса да харам саналады. Сол үшін Алла елшісі (с.а.у) шектен шығушылықтан қайтара отырып:«Дінде шектен шығудан сақтаныңдар. Сендерге дейінгілерді құртқан осы шектен шығушылық»,- деп ескерткен.

Үшінші фактор: Нәсілшіл біржақтылық.

Нәсілшіл біржақтылық әсіресе қауым, қоғамдар арасында зорлық-зомбылықтың отын тұтатушы негізгі себеп. Сондықтан, исламда адамның нәсіліне, түсіне, ұлтына қарап бөлуге тыйым салады.

Алла Тағала Құранда: «Ей адам баласы! Шүбәсіз сендерді бір ер, бір әйелден (Адам, Хауадан) жараттық. Сондай-ақ бір-біріңді тануларың үшін сендерді ұлттар, рулар қылдық. Шынында, Алланың қасында ең ардақтыларың тақуаларың. Шәксіз Алла толық білуші, әр нәрседен хабар алушы»,- дейді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ей, адамдар! Естеріңде болсын! Сендердің Раббыларың жалғыз!Барлығың бір атадан таралғансыңдар. Арабтың араб еместен, араб еместің арабтан, ақтың қарадан, қараның ақтан діндарлығынан басқа ешқандай артықшылығы жоқ. Күмәнсіз Алланың алдында ең мәртебелілерің тақуа болғандарың»,-дейді.

Төртінші фактор: Ашкөздік пен сарандық.

Зорлық-зомбылық, қаскөйлік әрекеттердің түбінде ашкөздік, сарандық пиғылдар жатыр. Ал ислам діні мұсылмандарды әрдайым сарандықтан тыйып келді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сарандықтан сақтаныңдар. Өйткені сарандық сендерден бұрын өткен қауымның түбіне жетіп, жойған еді», -дейді.

Ал енді осындай себептердің барлығын тамырына сіңірген терроризмге қатысты Ислам дінінің көзқарасына тоқталсақ. Әлемдік ақпарат құралдарында Ислам мен лаңкестіктің бірге айтылуы жиі кездесетін жағдайға айналды. Бұл, әрине, мұсылмандар үшін өкінішті жағдай. Егер бірі мұсылман, бірі мұсылман емес екі адам бірдей қылмыс жасаса, мұсылманды тікелей «террорист» деп діннің атынан, саясат атынан жасады деп айып тағылады. Ал, екіншісінің дініне қарап жатпайды, тек психологиялық ауруға шалдыққан не болмаса басқа да себептерді айтады. Мұндай оқиғалар мұсылмандардың әлеммен қарым-қатынасында өте жиі кездестіруге болады.

ТЕРРОРИЗМ, ЯҒНИ ЛАҢКЕСТІК ДЕГЕН НЕ?

Ел арасында қорқыныш, үрей және тұрақсыздық тудыру мақсатында жеке бір адамның немесе топтың қоғам тәртібін, тыныштығы мен қауіпсіздігін бұзатын іс-әрекеттер мен шараларды ұйымдастыруы. Терроризмнің мақсаты – мемлекеттердің, халықтардың оңтайлы ойлауларына, бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүрулеріне кедергі жасап, дегбірін шығару. Сол арқылы өздерінің көздеген саяси, діни, идеялық мақсаттарына жету.

Бірақ ислам діні лаңкестік пиғылдан түбегейлі таза. Тіпті зорлық-зомбылықты пайдаланып адамға белгілі бір сенімді міндеттеуге, қабылдатуға қатаң тыйым салады.

Алла Тағала Бақара сүресінің 256-аятында: «Дінде зорлық жоқ. Расында туралық, азғындықтан ажыратылды. Енді кім жауыздыққа қарсы келіп, Аллаға иман келтірсе, сонда ол рас үзілмейтін (берік) тұтқаны ұстады. Алла әр нәрсені естуші, білуші».

Ислам жарылыс ұйымдастыруға, әуе ұшақтарын қысымшылықпен айдап кету әрекеттері, қоқан-лоқы көрсету арқылы абыройын төгіп, әшкерелейтін мәліметтерді таратумен қорқытып, арандату жұмыстарына қатаң тыйым салады. Саяси не діни мақсаттарды жүзеге асыру үшін бұндай әдістерді қолдануға қатаң тыйым салады.

Соғыс жариялау тек мемлекетті басқарушы үкіметтің бұйрығымен ғана болады.Сондай-ақ, соғыс жекелеген адамға немесе топтарға емес, тұтас мемлекетке бағытталады.Бір тудың астында, бір қолбасшының бұйрығымен орындалады. Қарапайым халыққа емес, қолына қаруын асынған әскерге ғана қарсы соғысуға болады. Соғыста әйелдерді, балаларды, соғысқа қатыспаған жасы үлкен кісілер мен монахтарды өлтіруге қатаң тыйым салды. Ең арғысы. өсіп тұрған ағаштар мен егін алқаптарын өртеуге, түйе, сиыр сияқты малдарды жоюға, әр түрлі өзге діннің ғибадатханаларын қиратуға жол бермейді.

Ислам мемлекеттеріне мықты әскер құру міндеті жүктелген. «Әнфәл» сүресінің 60-аятында Алла тағала: «Сендер де шамаларың келгенше әр түрлі күш әрі ат байлауымен әзірлік көріңдер. (Сондай-ақ заманауи техникалық құралдар дайындаңдар.) Алланың дұшпанын, өз дұшпандарыңды тағы олардан өзге дұшпандарды қорқытасыңдар. Оларды сендер білмейсіңдер, Алла біледі. Ал Алла жолында не нәрсе жұмсасаңдар, сендерге толық төленеді. Әділсіздік көрмейсіңдер», -дейді. Бұл басқа елдерге шабуыл жасап, зұлымдық жасау үшін емес, бейбітшілікті, тыныштықты сақтау мақсатында айтылған аят.

ИСЛАМДАҒЫ ЖИХАД ТҮСІНІГІ

«Жиһад» сөзі араб тілінде белгілі бір нәтижеге жету үшін немесе бір істі орындау үшін бар қажыр-қайратың мен ынта-жігеріңді төгу, тырысу, күресу деген сияқты мағыналарды білдіреді.

Жиһад мәжбүр жағдайда ғана қарумен болады. Қасиетті Құранда: «Өздеріңмен соғысқандармен Алла жолында соғысыңдар да шектен шықпаңдар. Негізінен Алла (Т.) шектен шығушыларды жақсы көрмейді», «Олармен бұзақылық қылмай, дін Аллаға тән болғанға дейін соғысыңдар. Егер олар тыйылса, дұшпандық залымдарға ғана»,-деп ескерткен.(«Бақара» сүресі, 190, 193-аяттар)

Осы екі аяттан жихад үкімдерін анықтаймыз және оған себепші болатын екі нәрсе екенін бағамдаймыз: жау шабуылы мен құғын-сүргінді тоқтату.

Алла Тағала «Хұжырат» сүресінде: «Егер мүміндерден екі топ соғысса, дереу араларын жарастырыңдар; мүбада екі жақтың бірі, екіншісіне өктемдік жасаса, бас тартқан жақпен Алланың әміріне қайтқандарына дейін соғысыңдар. Егер қайтса, араларын әділдікпен жарастырыңдар, туралық істеңдер. Расында Алла туралық істеушілерді жақсы көреді»,-деген.

Өктемдік жасалған кезде, бүлік туған жағдайда Пайғамбар (с.а.у) белгілеп берген ережелерге сәйкес соғыс жүргізуге болады. Әбу Дәудтен жеткен хадисте Әнәс ибн Мәлик (Ол екеуіне Алла разы болсын): «Пайғамбар соғысқа әскер жібергенде «Алланың атын айтып аттанындар, қарттарды өлтірмеңдер, жас сәбилерге, әйелдерге қол жұмсамаңдар, шектен шықпаңдар, соғыс олжаларын бір-біріне қосыңдар»,-деген.

Исламдағы соғыс қағидаларын былайша жүйелеуге болады:

1. Соғысқа себеп менмендік, жеке адамның мүддесі, болмауы қажет.

2. Билік тарапынан соғыс ресми жариялану керек.

3. Қажетсіз қырып-жою, тонаудан алыс болу, соғыстан тыс адамдарға тиіспеу.

4. Қолға түскен тұтқындармен жақсы қарым-қатынаста болу.

5. Мұсылмандардың, яғни адамдар жасаған қателіктерге ислам дінінің қатысы жоқ екенін білу қажет.

6. Ислам діні соғыс уақыттарына қарағанда бейбітшілік замандарда кең тараған. Мұсылмандардың әлсіздік танытқан кезеңдерінде де исламның таралуы тоқтамады.

Қасиетті Құран Кәрім мұсылмандарды әрдайым өзге мұсылман еместермен көркем мәміледе болуға шақырады:«Іштеріндегі зұлымдық қылғандарынан басқа Кітап иелерімен көркем түрде сөз таластырыңдар. Оларға: “Бізге түсірілгенге де, сендерге түсірілгенге де иман келтірдік. Және біздің Тәңіріміз де, сендердің Тәңірлерің де біреу-ақ. Біз Оған бой ұсынғандармыз” деңдер»,-деген.(«Анкабут» сүресі, 46-аят)

Ислам діні қарулы соғысқа дұшпанның бетін қайтару мақсатында, ел ішінде тұрақсыздық туғызуға себепші бүліктің алдын алу және жою үшін рұқсат береді. Бірақ, шариғат аясындағы соғысқа қатысты бекітілген қағидалар мен ережелер қатаң сақталуы шарт. Осындай бейбіт пен игілікке толы дінді жіберген әлемдердің Раббысы Алла Тағалаға сансыз мақтаулар, Оның елшісі пайғамбарымыз Мұхаммедке сансыз салауаттар болсын!

«Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалының мәжіліс залында партияның қоғамдық қабылдауларында болған азаматтардың өтініштерін қарау мен олардың орындалу барысын талқылаған жиын өтті.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ АРЫЗ-ШАҒЫМЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Облыстағы бірқатар басқарма басшыларының қатысуымен өткен жиынды партияның облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Өлмесхан Болатбеков ашып, жүргізіп отырды.

Өлмесхан Болатбековтың мәлімдеуінше, облыстық филиалдың қоғамдық қабылдауында ағымдағы жылдың 11 айында барлығы 3319 арыз-шағым түскен. Соның ішінде 1933-і жазбаша түрде, 1147-сі ауызша түссе, телефон арқылы тіркелгені 29.

Айта кету керек, барлық аумақтық филиалдар мен облыстық қоғамдық қабылдауда өткен жылдың қарашасынан енгізілген электрондық партия жүйесі арқылы электрондық қабылдау бөлмелері жұмыс істеуде. – Осының негізінде халық пен партияның байланысы күшейді. Өтініш беруші «Нұр Отан» партиясының сайты арқылы өз өтініштерін тіркеуге мүмкіндік алды. Барлық филиалдардың қоғамдық қабылдау бөлмелерінде бейнебақылау камералары орнатылып, жұмыс барысының ашықтығын айқындайтын жүйе жұмыс жасауда,– дейді Өлмесхан Мәтенұлы.

Жоғарыда түскен арыз-шағымдардың ішінде мемлекеттік органдарға жолданғаны 1307 болса, жауабы алынғандары 693, оң шешімі табылғаны 481, бұл 69,4 пайызды құрауда. Келіп түскен арыз-шағымдарды саралағанда ең көбі, яғни, 1005 арыз жұмыс мәселесіне қатысты туындаған. Онан кейінгі қатарда жер алу, пәтер кезегі, тұрғын үй-коммуналдық мәселелер мен зейнетақы және жәрдемақыға байланысты арыз-шағымдар. Сондай-ақ, денсаулық сақтау, сот шешімімен келіспеу, сот шешімін орындамау секілді мәселелер де бар.

Партия филиалдарында тұрғындарға заңгерлік кеңес беру мақсатында «Жұмыспен қамту – 2020», «Әділет кеңес береді», «Бизнестің жол картасы – 2020» және Елбасының «Қазақстан –2050»: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауынан туындаған «Кедергісіз болашақ» бағдарламалары бойынша әр аптаның сәрсенбісінде мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған «ашық есік» күні өткізіледі.

Шарада өздеріне келіп түскен арыз-шағымдар жайында, оларды уақытылы қарау туралы облыстық әділет басқармасы басшысының орынбасары Ирина Бәкішова, облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Тельман Сүлейменов, облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Шахмардан Қойшыбаев, облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Жанат Қожарипова, облыстық білім басқармасының басшысы Наурызбай Байқадамов және өзге де сала басшылары баяндады.

Айнұр БАТТАЛОВА.

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

Жуырда облыстық ішкі саясат басқармасының мұрындық болуымен журналистер арасында “Терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу және салдарын жою” тақырыбында облыстық байқау жарияланған болатын. Оған аудандық, қалалық және облыстық БАҚ өкілдері қатысып, өзара бақ сынасты.

Байқаудың негізгі мақсаты – ел арасында терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу және бұл бағытпен күрес жолын кеңінен насихаттау шараларын ұйымдастыру, тұрғындардың діни сауатын ашуға ықпал ету болып табылады.

Жалпы, қатысушылардың материалдарын сараптау барысында арнайы құрылған сарапшылар тобы байқау тақырыбының жанжақты зерттелуіне, өзектілігіне, мазмұны мен журналистің шығармашылық ізденімпаздығына, қолданылған әдістеріне баса мән берді.

Сонымен, аталмыш байқау қорытындысына орай жиын өтіп, онда басқарма басшысы Руслан Рүстемов сөз алып, байқаудың маңыздылығына кеңінен тоқтала келе, жеңімпаздарды марапаттады.

Онда Облыстық “Қазақстан-Қызылорда” телеарнасының редакторы Ә.Жолтаевтың “Ақиқат алаңы” хабары үздік деп танылса, басылым бетіндегі үздік мақала бойынша аудандық “Жаңақорған тынысы” газетінің тілшісі Самат Абдішевтің “Діни сауатты арттыру – бүгінгі күннің талабы” атты тақырыптағы материалы сарапшылар көңілінен шықты. Ал, “Қызылорда таймс” газетінің тілшісі Анастасия Кирсановаңың материалы да жоғары бағаланды.

Шара соңында жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар мен алғыс хаттар табыс етілді. Және де алдағы уақытта мұндай игі бастамалар одан әрі жалғасын табатын болды.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

Шаруашылық қажеттілікке заңды тұлғалар мен кәсіпкерлер сауда орындарынан алуан түрлі құрылғылар мен құрал жабдықтар, қосалқы бөлшектерді және басқа да қызметке қажетті заттарды сатып алып жатады. Аталынған тауарларды сатып алу барысында субъектілерге бухгалтерлік есеп құжаттарын немесе сатып алу актісін рәсімдеу қажеттілігі туындайды. Қолданыстағы заңнамаларға сәйкес сатып алу актісін сауда үйлері мен базарлардың әкімшілігі рәсімдейді.

САТЫП АЛУ АКТІСІН РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ

Сауда үйлері мен базарларда кәсіпкерлік қызмет көрсетуші тұлғалардың тауарларды сатып алушы субъектілермен есеп құжаттық қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексімен және басқа да заңнамалық актілермен реттеледі.

Қазақстан Республикасы аумағында қызметтерін атқарушы заңды тұлғаларымен дара кәсіпкерлер өз қызметтерін атқару барысында Қазақстан Республикасының салық Кодексі, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамалық актілерін басшылыққа ала отырып жүзеге асырады.

Салық кодексінің 56-шы бабына сәйкес салықтық есепке алу - салық салу объектілері және салық салуға байланысты объектілер туралы ақпаратты қорыту және жүйелеу, сондай-ақ салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу және салық есептілігін жасау мақсатында салық төлеушінің есепке алу құжаттамасын жүргізу процесі болып табылады. Бұл ретте салықтық есепке алу бухгалтерлік есепке алу деректеріне негізделеді. Бухгалтерлік құжаттаманы жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында белгіленген.

Қазақстан Республикасының 27.02.2007 жылғы №234 «Бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы» заңының 6-1 бабының 2 тармағына сәйкес бухгалтерлік жазбалар бастапқы құжаттар негізінде жүргізілуге тиіс. Бастапқы құжаттар – операциялардың жасалуын немесе оқиғалар фактісін тіркейтін құжат.

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамалық актісіне сәйкес бухгалтерлік есепке алуды жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды жүзеге асырмайтын дара кәсіпкерлер уәкілетті орган бекіткен қағидаларға салық Кодекстің 7-1-тарауына сәйкес салықтық есепке алуды ұйымдастырады және жүргізеді.

Ж. БАБАСОВ,
Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бөлім басшысы.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК МЕКТЕБІ

«Қаржылық жауапкершілік» деген термин бәріне таныс. Себебі биржалық мәліметтерді, банк жүйесінің жаңалықтары мен экономикалық шолуларды күн сайын жаңалықтардан көрсетіп жатады, олар туралы БАҚ беттерінде де басылады. Дегенмен, «қаржылық жауапкершілік» экономикалық жаңалықтардан емес, әркімнің жеке әмиянынан, «аса маңызды» отбасылық бюджетті жоспарлаудан басталатыны ақиқат.

Дүниежүзілік Банктің әдіснамасына негізделген, Қазақстан халқының қаржылық сауаттылығының деңгейін анықтау мақсатымен жүргізілген арнайы ұлттық зерттеуге республиканың барлық аймақтарынан 1200 респондент қатысты. Жүргізілген зерттеудің қорытындылары бойынша сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың 38% отбасылық бюджетті ешқашан жүргізбеген. Бүгінгі таңда ипотекасы немесе басқа да несиесі жоқ адамды сирек кездестіресің. Сонымен қоса, несие алудың «әділетсіз» талаптары туралы, ай сайынғы несиені өтеудің қиындығы жайлы жиі еститініміз рас. Бірақ бұған несие беретін банктердің кінәсі жоқ, оған қоғамның қаржылық сауатсыздығы себепкер.

Өз қаржысы мен отбасылық бюджетті орнымен жұмсап, дивиденттер түрінде қосымша пайда алып, ақша жинай алатын адамды қаржылық жағынан сауатты адам санайды. Тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыру мәселесіне билік органдарының, қаржы мекемелерінің, өзге де мүдделі ұйымдардың назар аударғаны абзал. Облыс тұрғындарына өз қаржыларын сауатты басқарумен қатар, несие жүгінің қатерін ескеруді үйрету қажет.

Айта кету керек, қызметкерлерінің қаржылық сауаттылығы компанияларға да тиімді. Себебі, қызметкердің ауқаттылығы мен отбасының берекесіне байланысты оның көңіл-күйі де, жұмыс істеу деңгейі де жақсара түседі. Бұны қызметкерлермен жұмысқа ерекше мән беретін қазақстандық мұнай компаниясы «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ жақсы түсінеді. Сол себепті, биыл ҚМГ БӨ мен «Экономикалық сауаттылықтың халықаралық орталығы» қоғамдық Қоры бірлесіп, «Әр отбасыға қаржылық сауаттылық» жобасын жүзеге асыруға кірісті.

Оның мақсаты – кәсіпорындардың еңбек ұжымдарының қаржылық сауаттылығын арттыру, ал міндеті – жеке қаржылық жоспарлауға негізделген білім беру, өнімдер мен қаржылық нарық қызметтерін сауатты түрде ажырата алуға, отбасылық бюджетке ақшалай жүктеме бойынша дұрыс есептеулер жүргізуге және қаржылық тәуекелдерді бағалай білуге үйрету.

Осындай ірі жобалардың бірі ҚМГ БӨ компаниясының ұйытқы болуымен ұйымдастырылған «Әр отбасыға қаржылық сауаттылық» жобасы.

Жоғарыда айтылып өткен, Қазақстанда жүргізілген зерттеулердің нәтижесі бойынша орташа алғанда, қаржылық сауаттылықтың ең төмен деңгейі Қызылорда және Маңғыстау облыстарының респонденттері арасында анықталды. ҚМГ БӨ компаниясының негізгі активтері осында орналасқандықтан, «Әр отбасыға қаржылық сауаттылық» жобасын жүзеге асыру – Маңғыстау облысынан бастау алды.

Бұл іс-шараларды іске асырудың мақсаты – өңір тұрғындарының қаржылық сауаттылық деңгейін жүйелі түрде арттыру және бұған мүдделі ұйымдарды, мәслихат депуттаттарын, жергілікті бизнес-қауымдастықты тарту, - дейді ұйымдастырушылар. Олардың айтуынша, бүгінгі таңда нарықта ұсынылған қаржы өнімдері мен қызметтерін толық пайдалана алатын және өз мүмкіндіктерін сауатты бағалап, өз отбасының бюджетін жоспарлап, жеке қаржысына қатысты дұрыс шешімдер қабылдай алатын қазақстандықтардың саны аз. Дамыған мемлекеттердің тұрғындары қаржы өнімдері мен қызметтерінің жүздеген түрлерін пайдаланатын болса, Қазақстанда олардың ең танымалдарының он шақтысы ғана қолданылады, соның ішіндегі 5 өнім – бұл банк құралдары.

Жоба аясында несие, депозит және отбасылық бюджетті басқару тақырыбында үш түрлі ақпараттық-түсіндірме лифлеттері барлық сұрақтарға толыққанды жауап берген түсіндіру семинарлары болды.

Семинар қатысушыларын қаржымен байланысты түрлі тақырыптар қызықтырды. Өзекті сұрақтардың бірі қаржы институттарымен келісімге қол қою, депозит пен несиені рәсімдеу болды.

Отбасылық бюджетті басқару мәселелері мен қаржылық қызметтер тұтынушыларының құқықтарын қорғау сұрақтары толық қарастырылды. Мамандар жеке бюджет кірісі мен шығысына қалай бақылау жүргізуге болатынын түсіндірді. Несиені уақытында төлемеген кезде немесе мүлдем өтемеген жағдайда болатын қауіптер туралы да сөз қозғалды. Семинар қатысушылары өз жинақ ақшаларын банкке салмастан бұрын, оның депозит бойынша пайызына емес, банктің қаржылық көрсеткіштеріне, яғни оның беделі мен тұрақтылығына қарап таңдау керектігін үйренді. Көпшілігі Қазақстанда жеке тұлғалардың депозиттерін 5 миллион теңгеге дейін мемлекеттік сақтандыру жүйесі бар екенін білді. Семинардың соңына қарай тыңдармандардың біразы үйде қосымша ақшаны сақтаған тиімсіз деген шешімге келді.

Осы жылдың қазан және желтоқсан айлары аралығында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» компаниясының Маңғыстау, Қызылорда, Атырау облыстарында жұмыс істейтін 18 кәсіпорнының қызметкерлері семинарларға қатысып, қаржылық сауаттылықтың қыр-сырын меңгерді.

Ляззат НОҒАЙБАЙ.

● ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

БЖЗҚ: ҚАРЖЫ ЕРКІНДІГІНІҢ СТРАТЕГИЯСЫ

БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

Қазақстандықтар үшін өздерінің зейнетақы жинақ қорын бақылап отыру игі дәстүрге айналып келеді. Қазірдің өзінде қазақстандықтардың 4 триллион теңгеден астам жалпы зейнетақы қаржысы жинақталған Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) осы үрдісті ерекше атап көрсетеді.

Бүгінде тұрғындардың көпшілігінің бойында өзінің болашағына деген жауапкершілік сезімі қалыптасқан. Жинақтаушы зейнетақы қоры енгізілген он бес жылға тарта уақыт ішінде қазақстандықтар өздерінің зейнетақы жинақ қорын «бақылап» қана қоймайды, сонымен бірге, өздерінің жұмыс берушілерінен міндетті түрде және толық көлемде зейнетақы жарнасын аударып отыруды талап етеді. Жекеменшік қорлардағы зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға біріктіргеннен кейін де жинақтаушылар өздерінің міндетті жарналарының толық сақталып отырғандығына көз жеткізеді. Сонымен бірге олар өз қаржыларының жеке меншік зейнетақы есепшоттарында жинақталып жатқанына куә болады. Қордағы қаржы қордың немесе мемлекеттің емес, толық көлемінде азаматтардың иелігінде. Оның толық сақталуына «Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» Заңы кепілдік береді.

– Республикамыздағы бүкіл әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесін құру тұрғысынан келгенде, тұрғындардың жинақтаушы зейнетақы қорына деген көзқарасының маңызы өте ерекше, – деп есептейді «БЖЗҚ» АҚ басқармасының төрайымы Долорес Медеушеева. – Сонымен бірге, алдағы жылдарға БЖЗҚ-ны дамыту стратегиясын дайындау барысында біз «Жинақтаушылармен біріге отырып, қаржылық еркіндікті қалыптастыру» атты қор міндетін белгіледік. Осыдан келіп, қордың стратегиялық бағдарлары айқындалады: БЖЗҚ – еліміздің барлық жұмыс істейтін тұрғындары қатысатын, адам құқын және заң басымдылығын сақтайтын, есеп беру, ашықтық және этикалық тәртіп үрдістерін бұлжытпай орындайтын әлеуметтік жауапкершілігі бар ұйым. бүгінде БЖЗҚ – бұл зейнетақымен қамтамасыз етудің бір ғана жүйесі. Алайда, уақыт өте келе жинақтаушы үдерістің маңызы артады. Сөйтіп, қор қаржы жүйесінің маңызды бөлігі ғана емес, сонымен бірге, еліміздің бүкіл экономикасының маңызды саласына айналады.

Қордың топ-менеджерлерімен кездесуге келе жатып, мен осыдан біраз уақыт бұрын, жекеменшік ЖЗҚ-ларды бірыңғай орталыққа біріктірген кездегі адамдардың көңіліндегі күдіктерді ой елегінен өткіздім. Бұл ретте жекеменшік жинақтаушы есепшоттардағы ақпаратқа қол жетімділіктің де маңызы ерекше зор. БЖЗҚ-ға кезекті жекеменшік қордың активтерін қосу туралы ақпарат таратылғаннан кейін өздерінің жинақталған қаржыларының жағдайын, инвестициялық кіріс көлемін, жұмыс берушінің жарна төлемдерін аудару мәселелерін білгісі келгендер БЖЗҚ офисіне топ-тобымен келіп, ұзын кезектерге тұратын еді.

– Жинақтаушы қорларды біріктірgenнен кейін бар болғаны бірнеше айдың ішінде біз бұл міндетті ойдағыдай шештік, – дейді Долорес Таировна. Оған орталықты аралау барысында менің де көзім жетті: ұзақ-сонар кезектер жоқ, электрондық кезек кестесі іске қосылған, адамдар өздерін толғандырған барлық мәселелер бойынша жауап алады.

– Тіпті, бір офис бір күннің ішінде бір мыңға дейін зейнетақы жинақтаушыларын қабылдаған күндер де болды, – дейді БЖЗҚ-ның құжаттармен қамтамасыз ету және өңірлік жүйесін басқару департаментінің директоры Талап Қабденов. – Дегенмен, өңірлік жүйелерді шұғыл дамыту БЖЗҚ-ның колл-орталықтарындағы және ақпараттық залдарындағы қызметкерлердің шұғыл да жоғары кәсіби жұмысының нәтижесінде алаңдаушылықтың алдын алдық. Енді адамдарды өздерінің жинақ қорларына жарналардың аударылуы емес, басқа ағымдағы мәселелер қызықтырады. Біз дәстүрлі және бүгінгі озық байланыс каналдарын кең көлемде пайдалана отырып, тұрғындарға ақпарат беру жөнінде кең көлемдегі филиалдық жүйені және шұғыл жұмысты ұйымдастыра отырып, ахуалды түбірімен өзгерттік.

Қараша айының басында бүкіл республикамыз бойынша БЖЗҚ-ның 240 офисі жұмыс істей бастады, – деп жалғастырды Талап Қабденұлы. Оның ішінде тек 2013 жылдың өзінде ғана қосымша қызмет көрсететін 87 орталық ашылды. Оның ішінде бұрын бірде-бір жекеменшік жинақтаушы зейнетақы қоры болып көрмеген, тұрғындар жеке зейнетақы шотынан анықтама алу үшін ондаған шақырым жол жүретін елді мекендерде 28 нүкте ашылды.

– Қор республикамыздың барлық тұрғындары үшін барынша қолжетімді болуға тырысуда, – деді одан әрі Қабденов. – Барлық 160 аудан орталықтары мен облыстық маңыздағы қалаларда біздің офистеріміз жұмыс істейді. Бұл ретте біз өте қолайлы жұмыс кестесін жасадық: барлық филиалдар және қызмет көрсететін көптеген офистер жұмыс күндері таңертеңгі сағат 8-ден кешкі 7-ге дейін үзіліссіз жұмыс істесе, сенбі күндері таңертеңгі сағат 9-дан күндізгі сағат 13.00-ге дейін келушілерді қабылдайды. Кадр мәселесі де оңтайлы шешілді. Қабылданған қызметкерлердің 60 пайыздан астамы жекеменшік ЖЗҚ-ларда жұмыс істеп тәжірибеден өткен адамдар.

– Ұйымдастыру жұмыстарын жүргізумен қатар, біз салымшыларға жедел ақпарат беру мәселелерімен де айналыстық, – дейді БЖЗҚ басқармасы төрағасының орынбасары Руслан Ерденаев. – Осы орайда, бізге ахуалды оңтайландырумен қатар, БЖЗҚ-ның кідіріссіз жұмыс істейтін жүйесін қалыптастыруда маңызды болды. Тек бір жыл ішінде ғана біз 11 ішкі нормативтік актіні қабылдадық. Оның ішінде салымшыларға стандартты қызмет көрсету, офистердіашу, ауыстыру, жабудың жұмыс стандарттарын қалыптастыру сияқты мәселелер бар. Біз Астана және Алматы қалаларында бүгінгі күннің сұраныстарына жауап беретін 2 офис аштық. Олар жан-жақты жабдықталған және біз өңірлік жүйені дамытуда, ескі бөлімшелерді жаңғыртуда басшылыққа алатын қызмет көрсетудің жаңа үлгілерін өмірге енгіздік.

Жүйені дамыту тек қана өңірлік жүйені дамыту жолымен ғана жүргізіліп отырған жоқ: бүгінгі заманның адамдары үшін қызмет түріне қашықтықтан қол жеткізу тетіктерін игеру де өте маңызды. Бұл офистердегі кезектерді болдырмауға, ақпарат немесе қызмет көрсету түрлерінің уақытын азайтуға ақпарат алуды офис жұмысының кестесіне тәуекелдіктен шығаруға мүмкіндік береді. Біз нақ осы жолмен жүріп келеміз, – дейді Долорес Таировна.

Мен өзімнің ақпараттық іздеу орталығым арқылы ақпарат алу мүмкіндігін пайдалануды шұғыл іс жүзіне асыру үшін орталық офистің операциялық залына келдім. Ақпарат алу үшін кезекте тұрған адамдар жоқ, тек электрондық кезек қана жұмыс істеп тұр. Сондықтан 2 минут ішінде мен формулярды толтырып, өзімнің логинімді және уақытша паролімді алдым. Сұхбат жүргізіп болғаннан кейін БЖЗҚ-ның www.enpf.kz сайтындағы өзімнің жеке кабинетіме кіріп, басқа қордан аударылған қаржы көлемі, инвестициялық кірістің аударылуы, менің жұмыс берушімнің тұрақты түрде аударып тұратын жарналары сияқты барлық ақпаратпен жан-жақты таныстым.

– Біз үшін тұрғындарды жинақтары туралы толық ақпаратпен таныстырып тұру басты міндет, – деп жалғастырды әңгімесін Талап Қабденұлы. – Біз бұрынғы жинақтаушыларымыздың көпшілігіне ақпаратты бұрынғысынша пошта арқылы конвертпен жіберіп тұрамыз. Алайда, бұл – үздік үлгі емес. Сондықтан қазір біздің қызметкерлеріміз салымшылар офиске келген кезде сандық формат арқылы: электронды пошта немесе жеке кабинет арқылы ақпарат алу туралы қосымша келісім жасауға тырысады. Егер жыл басында интернет-ақпарат алуды таңдаған салымшыларымыз 107 мың адамды құраса, 1 қарашадағы мәлімет бойынша олардың саны 3 есе артты. Қазірдің өзінде БЖЗҚ-ға келген салымшылардың 39 пайызы ақпарат алу жүйесінің алуан түрлері арқылы ақпарат алу туралы шартарына қол қойды. Болашақта біздің болжамымыз бойынша, салымшылардың 75 пайызы осындай шарттарға қол қоятын болады. Бұл ретте ХҚКО және e-gov электрондық Үкімет сайты сияқты каналдар кеңінен пайдаланылады.

Біз салымшыларға қызмет көрсетудің қолайлы түрлерін дамытуды одан әрі жалғастыратын боламыз, – дейді Руслан Ерденаев. Android және iOS операциялық жүйелері бойынша, сонымен бірге, Windows Phone жүйесі бойынша жұмыс істейтін планшеттер мен смартфондар үшін көп функционалды қосымшалар іске қосылды. Ұялы байланыстың барлық түрлері адамдарға онлайн режимінде call-орталығымен немесе жақын маңдағы филиалдармен байланыс жасап, БЖЗҚ барлық жаңалықтарымен танысуға мүмкіндік береді. Ең бастысы, өздерінің жеке зейнетақы шоттарындағы жаңалықтарымен танысады. Сонымен бірге, электрондық сандық қол қою арқылы www.enpf.kz сайтындағы жинақ қорымен танысуға мүмкіндік алады. Сөйтіп, қордың 10 миллионнан астам салымшыларының ақпарат алу әдісін таңдауға мүмкіндігі бар, ең бастысы – олар еліміздің және әлемнің кез келген өңірлерінен қордың қызметіне қол жеткізе алады. Ешкім тұрғылықты жеріндегі офиске тәуелді емес. Бұл БЖЗҚ жұмысының маңызды қорытындысы. Атқарылған жұмысты қорытындылай келіп, ұйымдастыру мәселелері шешілді, жаңа бағдарламалық қамтамасыз ету іске қосылды және кідіріссіз жұмыс істейді, база, мұрағат қабылданды, бірігу толығымен іс жүзіне асырылды деп айтуға болады. Енді жаңа міндеттер туралы айту керек.

Бұрынғысынша, тұрғындардың барлығын жинақтаушы зейнетақы жүйесімен барынша толық қамту ең басты тақырып болып қалуда. Долорес Медеушеева айтқандай, салымшылардың зейнетақы болашағы да, жүйенің өзі де енді жарна түсімінің көлеміне және жиілігіне байланысты. Сондықтан 2015 жылдың басынан бастап, БЖЗҚ жұмыс берушілерден келіп түсетін түсіміне күн сайын мониторинг жүргізіп отыратын болады. Бұл техникалық жағынан әбден мүмкін. Қордың жұмыс берушілердің өз қызметкерлерінің жеке ақпараттық жүйесіне аударатын жарналардың нелiктен жүйелі және толық мөлшерде жүргізілмейтіндігінің себебін анықтау үшін тікелей салымшылармен жұмыс істеуге мүмкіндігі бар.

– Бұл ретте кәсіпорынның тоқтап қалуы, қызметкердің жұмыстан шығуы, кезекті еңбек демалысында болуы, сырқаттануы сияқты әр түрлі себептер болуы мүмкін, – дейді қор басшысы. – Алайда, егер бұл тікелей заң бұзушылыққа байланысты болса, қор мұндай оқиғаның кез келгені бойынша материалдарды салық органдарына жіберуге дейін шара қолдана алады.

Сонымен бірге, өзін-өзі жұмыспен қамтитын адамдармен де жұмыс жүргізу жалғасады. ЖЗҚ жұмыс істей бастаған 15 жыл көлемінде бұл мәселенің түбегейлі шешімін табуға мүмкіндік болмады. Долорес Таирқызының ескертуінше, әлі күнге дейін ерікті зейнетақы жарнасы жөніндегі сегмент толық дамымай отыр. Бұл сегмент тиісті дәрежеде жұмыс істесе, өзінің болашағын ойлайтын, өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз ететін әрбір адамды ынталандырар еді. Қор зейнетақы жинақтаушы салымдарының осы түрінің кең таралуы үшін жұмыс істейтін болады. Адамдарды жинақтаушы зейнетақы жүйесіне тарту үшін бүкіл республика бойынша тұсаукесерлер өткізілетін болады. Осылармен бір мезгілде жарнаның бұл түрін барынша тартымды ету үшін ерікті жарна төлеушілерге салынатын салықты азайту жөнінде заң қабылдау мақсатындағы бастама бойынша да жұмыс жүргізілуде. Міндетті және кәсіби міндетті зейнетақы жарналарын тарту жөніндегі бірден-бір қор бола отырып, БЖЗҚ өзіне бірқатар нормативтік-методикалық сипаттағы мәселелерді қабылдайды. Мәселен, актуарийлік есеп айырысуды жүргізу жөнінде БЖЗҚ жанынан актуарийлік орталық құрылған, зейнетақы жүйесін жетілдіру жөніндегі көптеген ұсыныстар оның жұмысының нәтижесіне байланысты. Сонымен бірге, зейнетақы өнімдерін одан әрі дамыту мақсатында кадрларды оқыту және даярлау жөніндегі жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, 1 қарашада міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша есеп шоттардың саны 336 мыңнан асты. Ал 2018 жылдың басында Президенттің Жарлығымен бекітілген Зейнетақы жүйесін одан әрі жаңғырту концепциясына сәйкес зейнетақымен қамтамасыз етудің шартты-жинақтаушы компоненті сияқты түрі енгізілетін болады. Жұмыс беруші өз жұмысшыларының кірісінен 5 пайыз көлеміндегі міндетті жарнаны БЖЗҚ-ның жекешелендірілген шартты-жинақтаушы есеп шотына аударып отыратын жұмысшылар оған қатысушы бола алады.

– Біз қазірдің өзінде бұл жұмысқа дайындалып жатырмыз, – дейді ДолоресМедеушеева. – Жаңа жүйе зейнетақымен қамтамасыз етудің бөліп-тарату және жинақтаушы түріндегі қағидаларын қолдайды. БЖЗҚ тарапынан оны дамыту талап етіледі. Себебі, жаңа есеп шоттарды, тіпті өмір бойы жарна түсіп тұратын есеп шоттарды ашу қажеттігі туындайды. Жалпы алғанда, қор үшін әлі де көп жұмыс атқаруға тура келеді. Салымшы қорды өзінің болашағын жоспарлаудағы серіктесі ретінде қабылдауы керек. Біз оларды оқыту, қаржылық кеңес беру, ақпарат беру жұмыстарын кеңейте отырып, салымшылармен жан-жақты жұмыс жүргізетін боламыз. Біз еліміздің азаматтарына зейнеткерлікке шыққан кезде қаржылық тәуелсіздікке ие болуы жолында сауатты шешім қабылдауы үшін көмек көрсеткіміз келеді. Біздің жоспарларымыз осындай және олар барынша шынайы.

Алевтина ДОНСКИХ.

Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы 2014 жылғы 5 желтоқсан №775

«Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің Мемлекеттік тізімін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2010 жылғы 18 мамырдағы №776 қаулысының күшін жою туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің Мемлекеттік тізімін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2010 жылғы 18 мамырдағы №776 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4251 нөмірімен тіркелген, «Сыр бойы», «Кызылординские вести» газеттерінде 2010 жылғы 16 маусымда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары А.Ш. Әлназароваға жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ.КӨШЕРБАЕВ.

«Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 710 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы 22 қыркүйектегі № 710 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4777 нөмірімен тіркелген, «Кызылординские вести» және «Сыр бойы» газеттерінде 2014 жылғы 31 қазанында жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы Ережеде:

16-тармақта:

6) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 41-1), 41-2) және 41-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«41-1) дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын пайдалануды ұйлестіреді;

41-2) спорт мектептеріне, спорт мектебінің бөлімшелеріне «мамандандырылған» деген мәртебе береді;

41-3) халықаралық және республикалық деңгейдегі жарыстарды өткізуге арналған спорттық ғимараттарды жобалау үшін техникалық өзіндік ерекшеліктер мен техникалық тапсырманы республикалық аккредиттелген спорт федерацияларымен келіседі;».

2. «Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары А.Ш. Әлназароваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ.КӨШЕРБАЕВ.

ЖОБА

2014 жылға арналған мал шаруашылығы саласын субсидиялаудың кейбір мәселелері туралы

«Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2014 жылғы 19 қарашадағы №3-1/600 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №_____ нөмірімен тіркелген) Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жергілікті бюджеттен қосымша бөлінетін қаражат есебінен жүзеге асырылатын, жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеу және ірі, шырынды және құрама азық пен азық қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату бағыттары бойынша субсидиялау нормативтері;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес өлшемдері мен талаптары;

осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С. Қожаниязовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ.КӨШЕРБАЕВ.

КЕЛІСІЛДІ
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
_____ А. Мамытбеков
2014 жылғы «___» _____

Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы «___» _____ № ___ қаулысына 1-қосымша

Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуге арналған субсидиялар нормативтері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 басқа арналған субсидиялар нормативтері, теңге
1	Жеке қосалқы шаруашылықтардағы мүйізді ірі қара малдың аналығын қолдан ұрықтандыруға қызмет көрсету шығынын 100%-ға дейін өтеу	бас	3500

Жергілікті бюджеттен қосымша бөлінетін қаражат есебінен жүзеге асырылатын, ірі, шырынды және құрама азық пен азық қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату бойынша субсидиялау нормативтері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 басқа арналған субсидиялар нормативтері, теңге
1	Ірі, шырынды және құрама азық пен азық қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату		
	ет бағытындағы мүйізді ірі қара малы	бас	32661
	сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының аналығы	бас	330786
	сүт бағытындағы мүйізді ірі қара қашары	бас	251692
	сүт бағытындағы мүйізді ірі қара	бас	67970
	қойлар	бас	2308,6
	жылқылар	бас	9530
	түйелер	бас	5855

Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы «___» _____ № ___ қаулысына 2- қосымша

Өлшемдер мен талаптар

№	Субсидиялау бағыты	Өлшемдер мен талаптар
1	Жеке қосалқы шаруашылықтардағы мүйізді ірі қара малдың аналығын қолдан ұрықтандыруға қызмет көрсету шығынын 100%-ға дейін өтеу	
		«Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-2 бабының 5, 7-тармақтарына сәйкестігі
		Арнайы мамандардың, сұйытылған азот (-196°С) таситын арнайы жабдықталған автокөлігінің, асыл тұқымды бұқа ұрығын сақтайтын 6 және 35 литрлік Дьюар ыдыстарының болуы
2	Ірі, шырынды және құрама азық пен азық қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату	
	ет бағытындағы мүйізді ірі қара малы	Ірі қара малды бордақылауға арналған мамандырылған үй-жайдың немесе алаңдардың, малды күтіп-бағуға арналған қоралар, науалар, сумен жабдықтау, жем-шөп дайындау техникасы, мал үшін жіктегіш және таразы құрылғысының болуы; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру және асыл тұқымдық жүйе базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, зоотехникалық есепті жүргізу
	сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының аналығы	Ағымдағы жылғы 1 қаңтарға сиыр мен қашарлардың аналығы (2 жастан ересек) 400 бастан, орташа жылдық сауын сиыр 350 бастан, 1 сиырдан орташа сауылым 4500 кг. кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру және асыл тұқымдық жүйе базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, зоотехникалық есепті жүргізу
	сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының қашары	Ағымдағы жылғы 1 қаңтарға сиыр мен қашарлардың аналығы (2 жастан ересек) 400 бастан кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру және асыл тұқымдық жүйе базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, зоотехникалық есепті жүргізу
	сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малы	Ағымдағы жылғы 1 қаңтарға сиыр мен қашарлардың аналығы (2 жастан ересек) 100 бастан, орташа жылдық сауылым 2500 кг кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру және асыл тұқымдық жүйе базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, зоотехникалық есепті жүргізу
	қойлар	Ағымдағы жылғы 1 қаңтарға қойдың аналық мал басы 600-ден кем емес, қойды күтіп-бағуға арналған үй-жайлардың болуы; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру және асыл тұқымдық жүйе базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру және зоотехникалық есепті жүргізу
	жылқылар	Ағымдағы жылғы 1 қаңтарға жылқының аналығы 75 бастан кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, зоотехникалық есепті жүргізу
	түйелер	Ағымдағы жылғы 1 қаңтарға түйенің аналығы 75 бастан кем емес; малдың бірдейлендіру нөмірінің болуы және мал басын ауыл шаруашылығы малдарын сәйкестендіру базасында тіркеу; ветеринариялық, ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру, зоотехникалық есепті жүргізу

Қызылорда облысы әкімдігінің 2014 жылғы «___» _____ № ___ қаулысына 3- қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

Бағдарлама атауы	Субсидиялау бағыттары	Субсидия нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	
			бас/ тонн	мың теңге
Асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау	Жеке қосалқы шаруашылықтарда ірі қара малдың аналық мал басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі шығындарды 100%-ға дейін өтеуге	3500	6136	21476,0
	Ет бағытындағы асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу	20000	675	13500,0
	Сүт бағытындағы асыл тұқымды ірі қара малдың аналық мал басы селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу	20000	1356	27120,0
	Тұқымдық түрлендірумен қамтылған ірі қара малдың аналық мал басы селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу	18000	20806	374508,0
	Отандық ірі қара мал сатып алу	154000	749	115346,0
	Тұқымдық түрлендірумен қамтылған асыл тұқымды қойлардың аналық мал басы селекциялық және асылдандыру жұмысын жүргізу	1500	61218	91827,0
	Асыл тұқымды қой сатып алу	8000	7994	63952,0
	Асыл тұқымды жылқы сатып алу	40000	162	6480,0
	Асыл тұқымды түйе сатып алу	37000	4	148,0
Жиыны				714357,0
Мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау	Сиыр еті 3-ші деңгей	120	913,2	109584,0
	Қой еті	100	272,0	27197,0
	Жылқы еті	92	70,0	6440,0
	Түйе еті	90	45,0	4050,0
	Сүт, 1-ші деңгей	25	5402,0	135050,0
	Сүт, 3-ші деңгей	10	219,8	2198,0
	Ірі, шырынды және құрама азық пен азық қоспаларын дайындау және сатып алу бойынша шығындарды арзандату			
	ет бағытындағы мүйізді ірі қара малы	32661	581	18960,0
	сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының аналығы	330786	902	298369
	сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малының қашары	251692	373	93881
	сүт бағытындағы мүйізді ірі қара малы	67970	214	14556
	қойлар	2308,6	31980	73829,0
	жылқылар	9530	1712	16315,0
	түйелер	5855	1561	9139,0
Жиыны				809613,0
Облыс бойынша				1523970,0

Қызметке конкурс

«Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 16 үй, анықтама үшін телефондары: 8(7242) 400954, personakadr2013@mail.ru «Б» корпусы бос әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Қызылорда қаласы әкімінің кеңесшісі (Е-3 санаты - 1 бірлік). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 78798-106345 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Қала әкімінің, қала әкімінің орынбасарлары, қала әкімінің аппарат басшысының тапсырмаларын орындайды.

Бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен Қазақстан Республикасы Заңдарының орындалуына және Үкімет қаулылары мен облыс, қала әкімдігінің қаулыларының, әкімдерінің шешімдері мен өкімдерінің орындалуын жүзеге асырады.

Азаматтардың хаттары мен шағымдарына жауап дайындайды.

Үйлестіру функциялары:

Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы бойынша дамыту жұмыстарын бақылайды.

Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі мәселелердің жүзеге асыру бағытындағы жұмыстарға қатысады, үйлестіреді.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Жоғары техникалық, заңгерлік немесе педагогикалық білім.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі екі жылдан кем емес;

3) жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

4) ғылыми дәрежесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) Өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3х4 үлгідегі суретпен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;

3) Білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) Еңбек кітапшасының нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7)Құжаттарды тапсыру сәтінде өкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар өздерінің білімі, жұмыс тәжірибесі, кәсіби деңгейі және беделі жайлы (кәсіби біліктілігін арттырғаны жайлы, ғылыми атағы және дәрежесін алғандығы туралы құжаттардың, мінездемелерінің, ұсыныстардың, ғылыми жарияланымдардың және тағы басқа көшірмелері) қосымша ақпарат ұсына алады.

Құжатар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Кызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі, 16 үй, мекенжайы бойынша қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, (Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 16 үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппе аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

Е-3 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ); «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы»(15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

***

«Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 16 үй анықтама үшін телефондары: 8(7242) 40-09-54, personakadr2013@mail.ru «Б» корпусы бос әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды.

Қарауылтөбе ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы (Е-G-3 санаты - 1 бірлік). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 53812 теңгеден 62141 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Ауыл округі әкімі аппаратының ішкі жұмыстарын және жеке тұлғалар мен ауылшаруашылығы құрылымдарын ұйымдастырып, ішкі еңбек тәртібіне және лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес, қызмет жасайды. Жеке және заңды тұлғалармен жұмыс жасайды.

Елді мекен жерлерінде мал жаятын орындарды айқындау және елді мекендер аумақтарын санитарлық тазалауды ұйымдастыру. Елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазарту жөніндегі және ауылшаруашылығы жәрмеңкелерін ұйымдастыру. Тиісті органдарға берілетін есептерді және мәліметтердің уақытылы заңдылықтарға сәйкес, дайындап беріліп отыруын ұйымдастыру.

Халық денсаулығын адам мен жануарларға ортақ аурулардан қорғау жөнінде шараларды, ветеринариялық-санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Округ аумағында ауыл шаруашылығы саласын оның ішінде: мал және егін шаруашылығына басшылық жасап, шаруашылық кітабын жүргізуді ұйымдастырып, 7-м, 7-ө, 6-м, 6-ө, статистика есептемелерін жүргізу елді мекен бойынша төтенше жағдайлар бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және аумақтық басқармалармен тығыз жұмыс жүргізеді.

Елді мекендер бойынша мекен-жай тіркелімдерін анықтау жұмыстары, тіркеу, онлайн режиміне көшіру жұмыстарын жүргізеді.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

